



Күлсары батыр





Құлсары батыр

«Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы»
Астана – 2011

*Баспаға Мемлекет тарихы институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ф. Аяганның редакциясымен*

Құрастыруышылар:

Б.Ф. Аяган, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасының төрағасы

Ж.С. Әбдіраманов, Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкери

Құлсары батыр / Б.Ф. Аяганның редакциясымен. Құрастыруышылар: Б.Ф. Аяған, Ж.С. Әбдіраманов. – Астана: Кәсіби тарихшылар және қоғамтанушылар лигасы, 2011. – 102 б.

48696

Кітапта Құлсары батырдың өмірі мен қызмет жолына қатысты күжаттар, естеліктер жүйеленіп берілді. Жинаққа белгілі ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің және батыр ұрлактарының зерттеу еңбектері мен естеліктері кіріп отыр.

Еңбек қазақ тарихына, тұлғатануға дең қойған іздешушілерге, студенттер мен мектеп оқушыларына, көпшілік оқырман қауымға арналған.

АЛФЫ СӨЗ

Қазақ тарихында фактілік және әдістемелік жағынан талдауға лайық жаңа тақырыптар аз емес. Соңдай күрделі мәселелердің бірі тарих тұнғиығындағы тұлғалар өмірі болып табылады. Соның ішінде казак бартырлары мен билерінің Отан тарихындағы алатын орны әлі де зерттеуді қажет етеді. Кешегі кеңестік тарих ғылымы қазақ тарихына тар таптық көзқарас тұрғысынан баға беріп, оның ішінде елімізге белгілі тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметі толық ашылмады. Яғни елі үшін жонғарлар мен Ресей империясының отарлық саясатына қарсы шыққан Абылай, Бөгенбай, Жәнібек, Сартай, Сырым, Қаратай, Исатай-Махамбет, Кенесары сынды тағы да басқа елі үшін күрескен тұлғаларымыздың тарихы патша үкіметі тұсында қарақышылар «шабуылы мен бүлігі» деп жазғырса, кеңестік тарихнамада «шаруалар көтерілісі» деп жіктеді. Қазақ тарихындағы тұлғалар қызметіне шынайы баға беріп арнайы зерттеулер жүргізу тек еліміз тәуелсіздік алғанан кейін ғана қолға алына бастады. Әсіреле, Отан тарихына жаңа ұлттық көзқарас қалыптастып, қазақ хан-сұлтандары мен батыр билерінің қоғамдық-саяси қызметіне қатысты бұрын жабық болып келген мұрағат қорларындағы құжаттар жарықта шығып, сонымен қатар, ұлттық деректер, атап-айтсақ, аныз әнгімелер мен жыр-дастандар ғылыми айналымға түсе бастады. Қазақ тарихында белгісіз болып келген батырларымыздың бірі Жонғар шапқыншылығына қарсы күрескен батыр, киң-қыстау кезенде ел тізгінің қолға алған тұлғаларымыздың бірі – **Құлсары Бөріұлы**.

Құлсары Бөріұлы Абылай ханның ең сенімді серіктерінің бірі болғаны және сол аумалы-төкпелі замандағы қазақ елінің ішкі-сыртқы саясатын Құлсары батыр бабамыздың басқарғаны тарихи деректерде көптеп кездеседі.

Казак шежірелерінде Құлсары батыр Орта жүздің Арғын тайпасының Атығай руының ішіндегі Құдайберді аталағынан тараған. Құдайбердіден Құлымбет, Жәмет, Ақмеліш, Андай, Ырсай, Есенгелді деген алты бала болады. Ырсайдың бір баласы – Бөрі. Бөріден Құлсары туған. Ал, Құлсарыдан алты үл: Құлыбек, Tay, Бейсеу, Қалдаман, Ораз, Мамай тарайды.

Батыр бабамыздың өз дәуірінде ел ішінде өте беделді адам болғанын айғақтайтын мұрағат құжаттарындағы мынадай күнды деректердің бірінде: «Қазактар Құлсары батырдың айтқанынан шықпайды. Оның дәлелі – былтырығы 1761 жылы Абылай сұлтан Орта Жүзден жонғар жеріне көшпек болып, оны басқа ел агалары да қолдағаңда, олардың бұл ниетін Құлсары мен Құлеке батыр тежеп, тоқтаткан болатын. Құлсары мен Құлеке батырдың жақын туыстары көп, олар әлі де Ресей бекіністеріне жақын өнірді жайлайды», - делінген. Бұл жерде жонғар жері дегені жонғар иелігінен босаған жерлерді айтып отыр.

Құлсары батырдың нақты қай жылы туылғаны әлі күнге дейін бізге белгісіз болып отыр. Бірак бір анығы батырдың 30 жылдан аса уақыт Абылай ханның ен сенімді серіктерінің бірі болып, казак елі мен жерін корғап, ел келешегі үшін мол еңбек сініргенін байқауға болады.

Құлсары батыр туралы орыс деректерінде 1742 жылдан бастап аталады. Батыр бабамыздың көрші мемлекеттермен татулық сақтау үшін ішкі-сыртқы дипломатиялық істермен айналысып, Ресей патшалығының сол кездегі Батыс және Орынбор губерниясындағы шенеуніктермен кездесіп, келіссөз жүргізіп, казак елінің мұддесі үшін қызмет еткені мәлім.

Соңғы кездері мерзімді басылымдарда Құлсары батырды “Абылай ханның барлық ісін хабарлап отыратын патша өкіметінің жансызы” деген жаңсак дәйексіз пікірлер айтылуда. Мұрағат деректерінде Құлсары батыр өзінін анты бойынша патша өкіметіне адал қызмет етті. Себебі

XVIII-XIX ғасырларда Ресей империясы Ұлы қазақ жеріне еніп келе жатқан кез болатын Ресей-қазақ қарым-қатынасы бұл кезде әр деңгейде болғаны белгілі. Мысалы, 1750-1780 жылдары Ресей империясы әлі күштегеген Азияда өзіне одактас мемлекет іздеген ел болса, XX ғасырдың басында ірі мемлекет – империяға ұласады. Ал Құлсары бабамыздың заманы манағы айтқандай қазақ елі де, Ресей мемлекеті де жаңа танысып одактас іздеген заман болғанын ұмытпауымыз керек. Бірақ мынаны да ескеруіміз керек. «1742 жылдың 25-30 тамызында үш жүздің 128 батыры мен билері, старшындары Ресей мемлекетінің бодандығын мойындап, адал қызмет етеміз деп қолдарына ұстаған Құрандарын сүйіп, Алла атынан ант бергенін тарихтан білеміз (“Присяжный лист хана Абулхаира, султана Ераги, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и Большого жузов”. 158-169 беттер).

Тарих беттерінде Орта жұз қазақтары керей, уақ, арғын болып «Ақтабан шұбырынды» жылдарында Сыр бойына ауғаны белгілі. Ал кейінрек, 1740-1750 жылдары осы өнірге қайта оралғаны туралы деректерде айттылады. Үкілі Ұбырайдың айтуы бойынша Керей мен Арғын солтустікті жайлағанда, Есілдің бер жағы Атығай мен Қарауыл, ал он жағы Керейге еншіге берілген. Сол дерек рас сияқты. Атығай-Қарауыл Саумалкөл, Есіл, Торайғұл көлдерін жайлаған.

Сондай-ақ, тағы да айта кетерлік жайттардың бірі, Құлсары батыр әулие кісі болған. Бұгінде Құлсары әулиенің зиратының басына зиярат етіп, әулиеден медет алуға көп адамдар барады. Осы бұлақ жанындағы адырды бұрыннан «Әулие зираты» дегенді естіп білетінбіз. Қазақ тарихында әлі де зерттелмеген, сырды ашылмаған беттер көп. Сондықтан Құлсары бабамыздың жатқан жері табылып, ескерткіш орнатылып жатса ол куанарлық іс.

Казіргі танда батыр бабамыз жайлары батырдың үрпағы М. Рақымов кітап құрастырып шығарды, сонымен бірге,

Құлсары батыр

осы тақырыпқа зерттеулер жасап жүрген F. Қадірәлі және К. Мұқанов, К. Хамзин, М. Рақымов, З. Тайшыбай, С. Жұмабаев, С. Маликова, Л. Морозова сындығалымдардың баспасөз беттерінде азды-көпті еңбектері жарық көрді. Дегенмен Құлсары батыр туралы деректер өзірше өте аз. Соңдықтан да Батыр бабамыздың қазақ тарихындағы алатын орны мен елі үшін жасаған қызметін зертттеу көкейтесті мәселдердің бірі екені даусыз.

Әулие бабамыз туралы мәлімет жинап, ескерткіш орнатып, оған мұрындық болып жүрген азаматтарымызға мында бір алғыс айтуымыз-керек.

*B.F. Аягантегі,
тарих гылымдарының докторы, профессор,
Мемлекет тарихы институтының директоры,
Кәсіби тарихшылар
және қоғамтанушылар лигасының төрагасы*

**ҚҰЛСАРЫ БАТЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТИНЕ
ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ҚҰЖАТТАР**

*құжаттар «Абылай хан» кітабынан алынды
(күрастырган З.С. Тайшыбай)*

**Абылай сұлтанның Неплюев пен
Тевкелевке жазған хатынан
1758 жылғы 15 қаңтар**

1. ...Сіздердің тілмәш Леонтьев арқылы жіберген хатынызды алдым. Онда Сіздер менің қытайлықтармен жасасқан бейбіт көршілік шартым туралы жазбаша хабарлауды сұрапсыздар.

Менің жауабым мынау: Аягөз және Айтаңсық деген жерде 1757 ж. маусым айының басында мен Қойманырақ, Қозымаңырақ және Жиынкөл (Дшинкуль) деген үш жерде тұратын 60 мың қытаймен келісім шартын жасасып, Еренқабырға деген жерде біздің Орынбордағыдай сауда орталығын ашуға келістім және осы мәселе бойынша қытай bogdыханына өзімнен 13 кісі елшілікке жібердім.

Қытайлардың айтуынша, бүкіл қалмак ордасы талқандалды, оны өзімізде білеміз. Аман қалғандары Торғауыт ханы Экім мен Ағасақтың балалары ғана. Маған Уши деген билеушіден келген елшілер хабарлағаныңдай, олар 7 мың тұндік болса керек. Мұны сіздерге ақиҳат түрінде хабарлаймын.

Бұған қоса: Байымов командастының Бектемір бастаған башқұрттары Жобалай деген қазақтың 340 жылқысын үрлап әкетіпті деп естіп, өзімізге жақын Бақметьевтен әлденеше мәрте көмек сұрадым. Сол жылқы әлі қайтарылған жок. Бізден қашқан қалмақтарды да қайтармайды, олар шоқынып кеткен дейді.

Сондықтан біздің жылқыларды қайтаруға бүйрық беруінізді сұраймын, тілі жок хайуандар шоқынбайтыны анық қой.

2. Өткен жылғы (1757 ж.) желтоқсан айында маған қытайдан 4 елші келді де, мынаны айтты: «маған ұлымдай болсын, өзінің елінде аман-есен болсын, бір әкенің баласындай болайык», деп Қытай патшасы сәлем айтты. Қалған 20 қытайлық Ереймен деген жерде қалған екең, алдымызыдағы ақпанды маған келіп те қалатын шығар.

Бұған қоса хабарлаймын: Былтырғы көктемде Барынтыбын болысының Құрманай басшыға қарайтын Лаба бастаған башқұрттары Тобыл өзенінің бойынан 150 жылқымызды айдал әкетіпті, оған қоса екі айтыр үйірлі жылқы әкеткен.

Осы жылқыларды және үш түйеге мініп қашып кеткен қалмактарды кайтаруды сұраймын. Мұның алдында бүл туралы сіздерге Құлсары да хабарлаған болатын. Осыларды іздел тауып, кайтаруға бүйрек берулерінізді сұраймын. Осы жұмыспен сіздерге Тайкелтір мен Токтамысты жіберіп отырмын.

Сыйлық ретінде екі ат жібердім. Сұр ат – генерал мырзаға, қызылжек ат – мырзаға.

Абылай сұлтан, қолымды қойып мөр бастым.

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках
(Сборник документов и материалов).*

*A. 1961 г. док. № 215. С. 548-549
Төл тұпнұсқасы АВРП. ф. 122, 1758 г. д. 4 лл 1-4*

Фрауендорфқа подполковник Теменевтін

жазғанынан

1758 жылғы 31 наурыз

...Құлсары мен Құлекенің адамдарын бекіністер мен редуттарға таяу келтіргеніміз жоқ. Олар Абылай сұлтанға қарайтындығын айтып көріп еді? көнбедік...

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбе, 66 -ic, 73, 73 сырт. парапттар*

Фрауендорфтың полковник Лесторға хаты

1760 жылғы 3 қаңтар

...Қазак ақсақалы Құлсары батырдың орыс үкіметіне деген ниетін және шын берілгендігін тексеру үшін мыналарды біліп беріңіз: ол Ресей бекіністерінен ұзап көшіл кеткен жоқ па, сыртқы мемлекеттермен байланысы бар ма? Қазак арасы тыныш па? Петр ағзам бекінісіндегі тілмашқа менің Құлсары батырға жолдаған хатымды беріп, аттандырыңыз және оған барлаушылық тапсырма беріңіз. Қазак арасында қандай әңгіме болып жатыр, басқа жүрттармен соғыс жоқ па, қазақтар ешкімге тиіскен жоқ па? Тілмаш қайтып келгеннен кейін маған толық хабарларсыз.

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбе, 83 - ic, I, 1 сырт. парапттар*

Вейморнның Сәлиевке нұсқауынан

1760 жылғы б қаңтар

Сібір шебінің колбасшысы генерал-майор фон Вейморнның татар тілмашы Сафар Сәлиевке мынадай нұсқау береді:

Орта Жүзге аттанып, Абылай сұлтан мен Құлсары батырға менен хат апарасың. Барған бетте Құлсары батырдың өзіне хат тапсырасың. Одан сенімді көлік және жолбасшы алып, Абылай сұлтанға баrasың. Менің хатымды үлкен ізетпен тапсырасың. Абылайдың да, Құлсарының да хаттарын маган әкелесін. Қошқарбай батыр уранхайлыктарға қосып тұтқындал әкеткен Кузнецк оязының татарлары, сондай-ақ біздің шептен қашқан бір атты әскер мен екі Жайық татары табылған-табылмағанын олар маган жазбаша хабарласын.

2. Қазақ даласында әлдекімнің шамына тиме, ренжітіп алма, ізетпен жүр, сыпайы бол. Әлдекалай үстінен шағым түссе, катты жазалаймын.

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбе, 83 -ic, 16, 16 сырт.*

Веймориңиң Құлсары батырға хатынан

1760 жылғы мамыр айы

Аса қадірлі Құлсары батыр! Сізben жүбе-жүз кездесіп, тілдеспесем де, осында қолбасшы болып жаңадан қызметке кірісkenнен бері сіздің Ресей патшалығына адал берілгенінді өстіп жатырмын. Осында қызметініз үшін ұлы мәртебелі патшайымның сізге арнаған жылы лебізі мен марапаты бар...

Бұқаралық саудагер Әлім Шиховка тауарын алып өтуге, аман-есен саудасын жасауына қамқор болуынызды сұраймын.

Өткен 759 жылы сол Әлім Шихов арқылы Фрауендорфтың хаты жөнелтілген екен. Хатта Қошқарбай батыр тұтқындалап отырған адамдарды тауып, босатуды сізден сұраған болатын. Биылғы наурыз айында сіз полковник мырзаға уағда беріпсіз, сол тұтқындарды іздеп табу үшін Құлеке батыр екеуіңіз Абылай сұлтанға, қыпшақ, керей, найман, арғын, уак-керей болыстарына барып қайтамыз депсіз. Осы істі тындырсаныз, дұрыс болар еді... Мұнда, Ертіс шебінің бастықтарынан хабар алып отырмын, сіздің ұлыстарыңыз Ертіс бойымен төмен қарай жайлап жатыр екен, оның себебі неде, қытай немесе монғол әскерлерінен төніп тұрған қауіп бар ма? Сізді, Абылай сұлтанды, бүкіл Орта Жүзді қауіп-қатерден корғайтынымызға сеніңіз, қажет болса, сіздің ұлыстарды шегараның іш жағына өткізіп жіберуге де дайынбыз. Қандай бір жағдай болса, осы бұхаралық Әлім Шиховтан жазып жіберініз, ...әйтпесе Петр ағзам бекінісі арқылы хабарланыз.

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбек, 83 - іс, 18 сырт., 19, 19 сырт., 20, 20 сырт., 23
парақтар*

Сыртқы істер алқасының

А. Давыдовқа берген жарлығы

1760 жылғы 18 шілде

Орынбор губернаторы тайный советник Давыдовқа.

Сіздің 1760 жылғы 13 сәуірде Орта Жұзге, Абылай сұлтанға, оның жіберген өкілі Жолбарыс сұлтанмен бірге барып, Орынбордан 7-сәуір күні қайтқан Орынбор гарнizonының поручші князь Ураков пен тілмәш Гуляевтің әкелген ақпарларық мазмұндан жазған мәлімхатынызды алдық.

Олардың барынша күш салып барлап, біле алған мағлұматтары мынадай екен:

Абылай сұлтан Орта Жұздің Атығай руының ішінде тұрады, сол руды билейді. Басқа руларды басқа сұлтандар мен ел ағалары билейді. Орта Жұздің ханы Абылайдың немере ағасы Әбілмәмбет, оны казактың өзге сұлтандары мен ел ағалары ғана емес, Абылай сұлтанның өзі де тындаиды, ақыл-кенесін орындайды. Әбілмәмбет хан өзі Түркістан қаласында тұrsa да, жаз айларында Алтай-Арғын руына келеді, сонда бірталай уақыт болып, Абылай шеше алмайтын мәселелерді шешіп отырады.

Әбілмәмбеттің Болат және Әбілпейіс деген ұлдары бар. Болат Алтай-Арғынды, ал, Әбілпейіс Қаракерей-Найманды билейді.

Бұрын айтылып жүргендей, Абылай сұлтанды барша казак халқы хан ретінде мойындағыды, мұндай сөз естігеніміз жоқ.

Бірақ, басқаларға қарағанда Абылайдың беделі артық, ол ширак әрі ержүрек және соғыстарда жолы болғыш деп сыйлайды. Абылайды қытай жағы оңашада хандыққа тағайындаға болған екен, «Абылай бұл жөнінде Әбілмәмбетпен ақылдасу керек, оны әкем деп сыйлаймын, сондықтан бұл ұсынысты қабылдай алмаймын», депті.

Орыс жағының Абылайды хандыққа тағайындау жөніндегі ойына келетін болсақ, ол өзі бас тартқан, себебі Әбілмәмбет ханды ренжітіп аламын дейтін болса керек. Ураков пен Гуляевтің айтуынша, Абылайдың хан болуға құлқы жоқ және де түрлі сылтаулар айтып Орынборға келуден бас тартты.

Барған поручик Ураков пен тілмәш Гуляевті Абылай бұрынғысынша қабылдапты, бірақ өзінен аулағырақ, басқа бір ел ағасының ауылына жайластырған көрінеді.

Ураков пен Гуляевтің естуінше, бұрын жонғарға қараған жерде, Іле өзенінің бойында қытайлар Іле деген қала салыпты және Орта Жұз қазақтарымен сауда жасайды екен. Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейіс сұлтан билейтін Қаракерей-Наймандардың бұрын жонғарға қараған Қаратал деген өнірді жайлайтыны рас. Абылай сұлтанды да сол жаққа шақырып отырған көрінеді.

Ураков пен Гуляев қайтып келе жатып Құлсары батырға соққан екен, Құлсары айтыпты: еткен жазда Абылай сұлтан қарауындағы елін алып, сол Қаратал жаққа көшпек болып еді, мен ұстап қалдым. Себебі Абылайға қарайтын елдін басым бөлігі Құлсарының туыстары, демек, Құлсарының айтқанынан шықпайды да, ешқайда көшпейді де. Бірақ, Абылай жонғар жеріне көшемін деген ниетін өлі ұстанып отыр.

Ал, бұл жақтың игі жақсылары Ресей шекарасынан ешқайда көшпекші емес. Бұрын жонғарлар иемденген жерді коныстануға көшіп барып, қытайға жақындейтын болса, қытайлар алдал, жонғарларды талқандағандай күйге ұшыраудан сақтанады. Бұл мәселе жөнінде Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан, барлық ел ағалары Қаракерей-Найман руында бас қосып кеңеспек, дейді Құлсары.

Бұл кеңесте талқыланатын мәселелердің арасында Қарун өзені бойында ұранхайлықтар екен деп қазақтар тұтқынға алған Ресей татарлары жөнінде сөз болады.

Тұтқын татарларды босатуға Құлсары батыр күш салуға уағда берді. Кеңесте мәселенің қалай шешілгендігі жөнінде Ресей үкіметіне хабарлайды, ол үшін Орынборға өз ұлын жібереді, мүмкін өзі Құлеке батыр екеуі сонда барып та кайтатын шығар. Сондай-ақ, осы мәселе жөнінде қытай ханына елші жіберу де Құлсарының ойында бар.

Құлсары өзінің және балаларының тілегін Ресей жағы аяксыз қалдырмауын сұрады. Абылай сұлтанға Ресей үкіметі жалакы тағайындалды, сондай жалакы Құлсарыға да берілсе екен дейді. Өйткені Құлсары Ресейге Абылайдан да артық қызмет көрсетіп отырмын; дейді. Ал, жалақы тағайындаған күнде өзін Құлеке батырмен салыстырмауын сұрады, өйткені Құлеке Құлсарыға қарағанда едөүір картайған.

Сіз, Абылай сұлтанға үкімет тарапынан тағайындалған 300 руб. жалақыны, онын өзі Орынборға келгенде беру керек, деп ұсыныс жасапсыз. Бірақ, ол Орынборға келмейтін болып отыр. Абылай сұлтан Ой шебіндегі Троицк бекінісінің бастығы полковник Роденге хат жазып, өзіне белгіленген жалақыны Троицк бекінісі арқылы төлеп отыруды сұрапты. Сондықтан 1760 жылдың жалақысы Абылайдың Троицк бекінісіне арнайы жіберген кісі арқылы төленіп койған болатын.

Ал, енді алдағы уақытта да хат жазып арнайы кісі жіберетін болса, жалақысын беріп жіберу қажет пе? Егер де Абылай Орынборға немесе Троицкіге өзі келетін болса, қасына ел ағаларын, мысалы Ресейге адал қызмет ететін Құлсары мен Құлеке батырларды ертіп келіп, айталық, Құлсары да жылдық жалақы сұрайтын болса, беру керек пе, кімге қанша беру керек? Нұралы хан келгенде осындай мәселе туындаған еді.

Абылай сұлтан Петропавл бекінісінен үн мен жарма жіберу жөнінде хат жазды депсіз, егер ол арнайы кісі жібере қалса, оған шекарадан тыс шығындар есебіне жатқызып, 30 руб. азық-түлігін берсек қайтеді деп сұрапсыз. Сонымен, Сіздің осы мәселелерінізді байлайша шешуге жарлық бердік:

Әбілмәмбет хан Түркістанда тұрып, Орта Жұзге уақытша келіп-кетіп жүреді, бірақ оның билік құші берік екен. Абылай сұлтан Әбілмәмбеттің айтқанын бұлжытпай орындаиды екен, демек, мұндай жағдайда Орта Жұзге Әбілмәмбет хан тірі түрғанда тағы бір хан тағайындаудан келер еш пайда жоқ. Әрине, Кіші Жұзде Әбілқайыр өлгеннен кейін оның орнына халық сайлаған Нұралыны өзінің сұрауы бойынша бекіткеніміз сияқты, Абылайды хандыққа бекітудің реті келгенде Сіз және Сібір шебінің командирі күш салып көрерсіздер. Сіздердің қазіргі ең маңызды міндеттерініз – Орта Жұз қазактарын Ресей қарауынан алыстатпай ұстап тұру болып табылады. Қазақтардың қытаймен арақатынасын жіті бақылап, қытай жағында болып жатқан оқиғалар туралы сенімді хабар алып отырыңыздар.

Қазақтарды ұстап тұрудың амалдары мынау:

Әрбір қолайлы жағдайда қазақтың игі жақсыларын өзімізге қаратып, олардың осынау қауіпсіз өмірі кімнің аркасы екенін, шекара бойында емін-еркін, алаңсыз көшіп жүргенін еппен құлактарына құя беру керек.

Керісінше, қытайдың өз қоластындағы елдерге қалай караитынын, оларға қорлық көрсетіп отырғанын жеткізу қажет. Ураков пен Гуляев байқап, айтып келгендей, біз Абылай сұлтанды керексіз деп есептемейміз. Оның өз елінде ықпалы бар, демек белгіленген жалақыны ала берсің, сол үшін де? біздің дәмімізді бір татып қалған сон, Ресейден бой тартып кете қоймас. Қайта, сырт көзге болса да ол бізге адад берілгендігін айта берсін. Дәл қазіргі жағдайда бізге осы қажет және Абылайдың мұнысына да қанағат етеміз.

Ал енді, Абылай сұлтан Орынборға ешқашан келмейтін болса да, хат жазып кісі жіберетін болса, жылдық жалақысын Орынбор бола ма, Троицк бола ма, бәрі бір, қайсысына ынғайы келсе, содан жіберіп тұратын болындар. Сұраған астығын да беріп отырындар. Эйтеуір, Ресей жағына ашық қарсылық көрсеткенше осылай жасауымыз қажет. Өйткені, оның қытай

жағына қызмет көрсететін бізге мәлім, бұл қылышы шектен асып кетпесе, әзірше біздің пікіріміз осындай. Ал, шектен асып кетсе, тағы да тиісті нұсқау береміз.

Ал, егер Абылай сұлтан Орынборға келіп қалатын болса, оны мейлінше жақсы қарсы алып, разы етіп қайтарындар. Жанына ертіп келген ел ағаларын, басқа да қазактарды сыйлас, қазына есебінен тәуір бүйымдар тарту етіндер. Кіші Жұздін Нұралы ханы Орынборға әлденеше келіп жүргендеге осылай істелетін. Бірақ, ханға көрсетілген құрметті Абылайға сәл кемітіндер.

Мұның бәрі, Абылай сұлтаннан және қазактың ел ағаларынан айырылып қалмас үшін жасалып отыр. Олар Орынборға келгенде, сөз жок? сыйлықтан үміттенеді ғой. Тіпті Абылайдың өзі келмей, ел ағалары ғана келседе сый-сияптыз аттандырмандар. Әсіреле бізге етене жақын Құлсары мен Құлекеге ұлken құрмет көрсету лайық. Олардың адап қызметі, мол тәжірибесі бар, өз іштеріндегі жағдайларды бізге үнемі хабарлап тұрған. Орта Жұздің қытай жағымен ара қатынасы туралы жиі-жиі, сенімді хабар алып отыру керек. Сіз, әртүрлі себеп тауып, Абылайдың өзіне тікелей кісі жіберіп тұрыныз. Оның біраз уақыттан бері қытайлармен қаншалықты шатысқанын білу керек. Бәлкім, ол поручик Ураков пен тілмәш Гуляевті тыңшылыққа келді деп, күдіктенген де болар. Сондықтан ғой, өз ауылында ұстамай, басқа ауылға апарып тастағаны.

Кейін Орынбордан генерал-майор Тевкелев тарапынан барған тілмәш Араповқа да Абылай сенімсіздікпен қарап, салқын қабылдапты. Тіпті, Араповты бұдан былай маған жібермендер, деп жазып та жіберген көрінеді. Міне, сондықтан, сіздің жіберген кісілеріңіз оның бас асау тентектігін одан өрі өршітіп, бүкіл қазакты күдіктендіріп жүрмесін. Демек, енді сезік туғызбай, Абылай жақтан хабар-ошар алудың мынадай екі жолын қарастыру керек:

Біріншісі, Троицк бекінісінің бастығы Роден, екіншісі Сібір әскер шебінің бастығы генерал-майор Вейморн,

әртурлі нанымды себептер ойлап тауып, қазақ арасына жансыз ретінде кісі жұмсал тұрсын. Ол үшін, қолынан іс келетін, сенімді адамды біздің ойымызша, сол жақтың татарларының арасынан ізденіздер. Татарлар қазақтармен діні мен тілі бірдей, қазақтардың сеніміне тез кіре алады да, жақсы барлау жүргізеді. Әйттеуір, Ресей үкіметіне сенімді адамдар болып табылатын солар. Ал, қызмет адамдарын барлауға жіберу оңай емес. Офицер жіберуге лайыкты маңызды себеп керек, шені төмендер қажет мәлімет тауып әкеle алмайды фой.

Мұндағы біздің ойымызша, қандай да бір аса қажет жағдайда Абылайға кісі жіберу керек болып қалса, күдік туғызбас үшін, бізге адал берілген ел ағалары Құлсары мен Құлеке батырды пайдаланған жөн болар еді. Әсіреле, Құлсары батырдың казақ арасындағы беделі күшті фой. Оған өзі сұрап жүрген жалақының орнына есебінен тәуір заттардан сый-сияпташ жіберіп отыру қажет. Мысалы, екі жақтан: Сібір жағынан да? Орынбор жағынан да жылына жұз рубль шамасында Құлсарыға, ал Құлекеге одан азырақ сомаға жіберілетін болсын. Әрине, бұл жөнінде Абылай сұлтан немесе басқа біреулер мүлде білмеуі керек. Ал, жасырын берген затты алғандар өздерін қарыздар санап, адалдық көрсетеді және ақы алып отырған қызметі үшін жанын салады, қазақ арасындағы түрлі сөздерді бізге жеткізіп тұрады, қарауындағы халқын да дұрыс ұстайды.

Дәл осындағы жарлық Сібір губернаторы Соймоновқа да жолданды. Осы жарлыққа байланысты шығындарды қаржы түрінде өтеуге үкімет сенатына хат кетті.

Санкт-Петербург, 18 шілде, 1760 жыл қол қойған граф Воронцов

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках
(Сборник документов и материалов).*

A. 1961 г. док. № 236. С. 607-610

Төл түпнұсқасы АВРП. ф. 122, 1760 г. д. 3 лл 54-63 об.

Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығы

1760 жылғы 18 шілде

Орынбордан Орта Жұзге барып қайткан поручик князь Ураков пен тілмөш Гуляев арқылы анықталғаны: Орта Жұзде Абылайдың билігі бір ғана Атығай руына жүреді, ал Орта Жұздің ханы – Абылайдың немере ағасы Түркістанда тұратын Әбілмәмбет. Әбілмәмбеттің ұлдары Болат пен Әбілпейіс. Болат Алтай-Арғын руын, Әбілпейіс Қаракерей-Найманды билейді, Қаракерей-Наймандар Қаратал жағында, бұрынғы жонғар жерлерін мекендейді. Жонғар жерінде, Іле өзенінің бойында қытайлар Іле деп аталатын қала салып, Орта Жұз казактарымен сауда жасайды.

Абылай сұлтан да жонғар жерлеріне көшуді ниет етулі. Ол әртүрлі себептер айтып, Орынборға келмей қойған, өзіне тиесілі жалақысын кісі жіберіп алдыртпақ. Алайда, Абылай сұлтанның қарауындағы қазактарды жонғар жеріне көшіп кетуден Құлсары батыр тежеп отыр. Құлсары батыр өзіне жылдық жалақы тағайындалса, Ресей пайдасына қызмет етуте дайын, бірақ өзін қартайып қалған Құлеке батырмен тенестірмеуді сұрайды. Осы жағдайларды карастыра келіп коллегия, Орта Жұздің ханы Әбілмәмбет. Оның ықпалы қүшті, демек Абылайды хан сайлауға қүш салып керегі жок. Келешекте сайланатын хандарды патша бекітетін болсын, Кіші Жұз жөнінде осылай жасалған, деген тұжырымға келді.

Ал, Орта Жұз жөніндегі саясатымыз: оларды қытай қарауына өтіп кетуден тежеп ұсташа; қазактардың қытаймен байланысының әр қадамы туралы нақты, дәл деректер алып отыру болуы керек. Ол үшін «қазактардың жерік асы» ретінде Абылай сұлтанға жалақы тағайындал, Құлсары

Жерлеары батыр

мен Қулеке батырларға сыйлық беріп кою керек. Сенімді татарлар арқылы Абылай сұлтанмен және батырлармен үзбей байланыс жасап тұру қажет...

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках
(Сборник документов и материалов).*

*A. 1961 г. док. № 236. С. 607-609 Төл түпнұсқасы ф. 122, 1760 г. д. 4 лл
III-114*

**Генерал Вейморнның майор фон Линеманға жазған
құпия хатынан
1760 жылғы қыркүйек айы**

Осыған коса Абылай сұлтанға, Құлсары мен Құлеке батырларға хат жазып отырмын. Сол хаттарды Құлсары батырдың қолына тез тиғізініз.

Абылайға жазылған хаттан: Құлсары батыр маған хат жазып, сіздің Орта жүзде Кіші жүздің Нұралы ханға карайтын Орынбор манайындағы ұлыстардан Ресей адамдары көп жылқы қуып әкетіпті және Орынбор жағы казактарға соғыс ашпак екен деп үрейленіп отырған көрінеді. Қорыққандықтан көп ауыл Қырға сіңіп кетіпті. Құлсары батыр азғана үйлерімен қалған көрінеді. Орыс жағынан жылы хабар келсе, қазактар қайта көшіп келмек.

Бұндай әңгіменің шығуына ешқандай негіз жоқ. Қазактарға ешкім соғыс ашпайды. Кіші Жұз де, сіздің Орта Жұз де көптен орыс мемлекетінің қарауында. Біз сіздерге соғыс ашпак түгілі, басқа қауіптен корғауға міндеттіміз.

Расында, Кіші Жұз қазактарына Еділ қалмақтары мен Жайық қазактарына тиіспендер, аяғы ұрлыққа, кісі өліміне апарып соғады деп талай айтқанбыз. Жайықтың ішкі жағына өтуге болмайды дегенбіз. Соған қарамастаң, қазактар өзеннен өтіп, қалмақтардың ұлыстарына сұғынып барды, жылқыларын қалмақ ауылдарына енгізіп жіберді. Сөйтіп, қалмақтар қазактардың жылқыларын ұстап қалды, өздері жайылымсыз қалды. Көктем шығысымен Нұралы хан өзі және Кіші жүздің сұлтандары Ресей жағынан көп өсімімен жылқы талап етеді. Қазактардың талабы бойынша олардың малдарын іздең табу үшін Жайық қаласына обер офицер бастаған әскер де жібердім. Сегіз мың жылқы тауып, дайындал койдық. Алып кет деп хабар берсек, қазактар келмейді, өздері алыс Қырға көшіп кетіпті. Енді біздің жақтан қазактарға әскер шығып, соғысады екен

Құлсары батыр

деген сөз таратыпты. Құрметті Абылай сұлтан, сіз мұндай әңгімелерге сенбеніз, өз қарауындырағы иғі жақсыларға да айтып қойыныз. Ресей жағынан ешқандай қауіп күтпесін. Орынборға келіп жылқыларын алыш қайтын.

Құлсары батырға! Мына екі хаттың бірін Абылай сұлтанға, екіншісін Құлеке батырға тезірек жеткізуінізді сұраймын.

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбе, 83 — іс, 88, 90 сырт. нарақтар*

Вейморның Құлсарыға жазған хатынан

1760 жылғы желтоқсан айы

...Осы желтоқсанның 4-күні татар тілмашы Сафар Сәлиевті шақыртқан екенсіз, ол бара алмайды. Қазір әйелі де, баласы да сыркаттанып жатыр. Мүмкін, жаз шыққан сон баар. Осы хатпен бірге Абылай сұлтанға да жазып жібердім, колынызға тиісімен Абылайға тез тапсыртыңыз. Пресногорькое бекінісінде жаткан қалмак әйелі Манзе сізге беру үшін Петр ағзам бекінісіне жеткізіледі, сонда келіп алып кетініздер...

*Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-кор, 1-тізбе, 83 —ic. 84, 85 сырт. Парақтар*

**Орта Жұздегі жағдайлар туралы Құлсары батырдың
аузынан жазып алынғандар**

1761 жылғы 19 қараша

Қытай өскерлері қазір жонғарлардан босаған аймақта, Іле өзенінің бойында және сол өнірде түр. Саны қанша екені белгісіз. Қытайлар Іле өзені бойында бекініс салып жатқан болуы керек және олардың кімдермен соғысқалы жатқаны белгісіз, қазактармен екі арасы жақсы. Абылай сұлтанға сырттан келген елшілер жок.

Қазіргі кезде Абылай сұлтанның қытайлармен жақын байланысы жок, Орта Жұз қазактарынан қытайларға берілгендері жок. Орта Жұз қазактарының бір бөлігі Аяғөз өзені бойында жонғарлардан босаған жерлерді жайлағаны рас. Аяғөз деген Ілеге құятын өзен, Іле бойындағы қытай бекіністеріне салт атпен жарты күнде жетуге болатын өзен. Қазактар Аяғөз өзені бойын жайлап, былтырғы 1761 жылғы күзде Қытай Богдыханының жарлығы бойынша 2000 қытай өскерінің күшімен жазаланып, қуып шығарылған. Қазактар қытайлардан қорқып, ірі қара малдарын тастап Ресей бекіністеріне карай, Ертіс өзені бойына көшіп қоныстанды. Қытайлар бұдан былай Аяғөзге қарай көшпендер, жақын тұрсандар жылқымызды қуып әкетесіндер, тыныштық бермейсіндер, деп қатаң ескерткен.

Орта Жұз қазактары басқа Жұздермен тату, тек Кіші Жұзбен арада мал дауы болып қалады.

Қытай Богдыханы Абылай сұлтанды және оның Орта Жұзін өзіне неге бодан санайтынын Құлсары білмейді. Бұрынырақ, Абылай сұлтанның қытай жағына бейіл бергені рас, бірақ қазір Абылай сұлтан өзі және оның қарауындағы халқы Қытайға бет бұрып отырған жок, бұрынғысынша Ресей жағына қалтқысыз адал, ал қытайлардың қулық-сұмдығынан мейлінше қауіптенеді.

Биылғы көктемде Құлсары және Құлеке батырлар Абылай сұлтанның тапсырмасымен Қытай шегарасына дейін барып, сол жақтағы қазактардың дау-шарын шешіп кайтқан. Ол екеуінің қытай елшілерімен келіс-сөз жасауга барыпты дегені қауесет қана. Шын мәнінде ондай шаруа болмаған, тіпті Құлсары Жолбарыс сұлтанға еріп келген Қытай елшілерін көрмеген. Қытай елшілерінің Абылайға не айтқанын естімеген.

Кіші Жұз туралы. Кіші Жұздің қазақтары әлі толқулы, анда-санда тентектік көрсетіп қояды. Нұралы ханнан ешқандай хабар жок.

Абылай сұлтан бұл күнде өзінің бұрынғы мекені Қылшакты өзенінің бойында, ал Құлсары мен Құлеке батырлар Есіл өзенінің жағасында, Ресей бекіністеріне таяу мекенде.

Қазақтың Орта Жұзінің ханы Әбілмәмбет бұрынғысынша Түркістанда жүріп жатыр. Откен 1761 жылдың жазында кейбір қазактардың кенесімен Әбілмәмбет хан Түркістандағы бұхаралықтарды жинап, оларға түрлі мата және былғары төлеп тұру жөнінде айтқан еken. Бірақ, артынан бұхаралықтарға аяушылық білдіріп, ауыртпалық түсірмеу үшін, қазактардың олардан алым-салық алуына тыйым салған. Бұған наразы болған қазактар Әбілмәмбетті Түркістаннан кетірілті. Алайда, өзіне жақтас қазактардың және өз ұлдарының көмегімен Түркістанға қайтып барып, сонда жақсы жайлы тұрып жатыр.

Алда-жалда, қытай әскері қазақтарға шабуыл жасайтын болса, қазақтар әйелдері мен балаларын Ресей бекіністеріне карай көшіріп жіберіп, қытайлықтарға қарсы соғыспақ. Қытай әскеріне қарсы төтеп бере алмаған жағдайда, қазак жасақтары Ресей бекіністеріне карай беттемек.

Қос азаматтығы бар Ресей бодандарын, сондай-ақ қазак арасына қашып барған атты солдаттар мен Жайық казактарын Құлсары мен Құлеке уакыты болмағандықтан

әлі іздел тапқан жок. Абылай сұлтан немесе басқа ел ағалары оларды іздеген-іздемегенін Құлсары білмейді.

Ертіс бойындағы қамалдан шығып кеткен бес ат әлі табылған жок, Құлсары оларды іздеймін деді.

Құлсары батыр өзі, қазақтың бүкіл Орта Жұзі Ресей жағына шын берілген, оны ісімен дәлелдеп отыр. Алдағы уақытта да солай болады.

Орта Жұз қазақтарының Ресей бекіністерінен аулақ көшіп кетпеуің, бекіністерге таяу болуын Құлсары батыр үнемі қадағалап отыр. Қытай жағына қарауды ойға да алмайды, қытайлардың қазақтарға зорлық-зомбылық көрсетуі әбден мүмкін екенін Құлсары батыр үнемі айтып отырады.

Қазақтар Құлсары батырдың айтқанынан шықпайды. Оның дәлелі – былтырығы 1761 жылы Абылай сұлтан Орта Жұзден жонғар жеріне көшпек болып, оны басқа ел ағалары да қолдағанда, олардың бүл ниетін Құлсары мен Құлеке батыр тежеп, тоқтатқан болатын. Құлсары мен Құлеке батырдың жақын туыстары көп, олар әлі де Ресей бекіністеріне жақын өнірді жайлайды.

Абылай сұлтанның Жонғар жерлеріне көшу жөніндегі райынан қайтып, бұрынғы мекендерінде қалғанын көріп, маңайдағы барлық ұлыстар тыныштанды. Қазақтардың орнығы үшін жаңа шептің шекара бойында төрт жерде қыскы үй-жайлар салынғаны дұрыс болар еді.

Құлсары: өзім әбден қартайдым, о дүниелік болып кетсем де, балаларым Ресей патшасына адалдығын сақтайды, деді. Өзінің орнына үлкен ұлы Құлыбекті ұсынып, өзіне тиесілі сый-құрмет соған көрсетілсе, деген тілек білдірді. Егер менің үрпактарыма осындағы құрмет көрсетілсе, басқа қазақтар да Ресей жағына сенімі артып, адап болар еді, деді. Ресей патшасына мейлінше адап Орта Жұздің Жәнібек батыры қайтыс болғаннан кейін, үкімет тарапынан көніл бөлінбей, оның балалары ұмыт қалды. Әкесінің еңбегі бағаланбаған соң, балалары ол адалдықты сақтамады. Бірақ, мен өз

Кұлеары батыр

ұлдарымның Ресейге шын берілгендігінен үміттімің, ұлым
Құлыбекті Ресей командирлеріне жиі-жікі жіберіп тұрамың,
деді... Жазып алған Дмитрий Колугин.

*Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках
(Сборник документов и материалов).*

A. 1961 г. док. № 247. С. 632-635

Төл тұпнұсқасы АВРП, ф 122, 1761 г., д. 6 лл 12-16 об.

**Сібір әскерлерінің командирі И.Шпрингердің
рапорты**
1764 жылғы 16 қараша

Мен осында қызметке келгеннен бері, Абылай сұлтан және оның қарауындағы: Абылайдың туған інісі Жолбарыс сұлтан, Құлсары және Құлеке батырлар, Байжігіт мырза және басқалары біздің бекініс бастықтарына өздерінің балалары мен беделді кіслерін жіберіп, тіпті Абылай сұлтаннан басқалары өздері келіп, қысқы азыққа қара бидай және ақ бидай үнын, бақса да түрлі жармалар беруді үнемі сұрап келеді.

1760 жылғы 16 сөүірде Орынбор губерниялық қеңесі осындағы генерал Вейморнға нұсқау беріп, Абылай сұлтанның Петр ағзам бекінісінен өзіне астық, үн мен жарма босату жөніндегі тілегін орындаپ, 30 рубльдің азық-тұлігі берілсін, деген болатын. Осыған орай, Вейморн 1761 жылы Петр ағзам бекінісінен Абылайға 112 пүт астық босатуға жарлық еткен. Сондай-ақ, оның інісі Жолбарыс сұлтанға, бізге ниеті түзу Құлсары және Құлеке батырлардың әрқайсысына 100 пүттән астық берілді. Бұған коса Байжігіт мырзаға (Абылай сұлтан оны басқалардан ерекше жақсы көреді, өзінің сырын соған ғана айтады) 25 пүт босатылды. Қазактар жылдан-жылға астықты көп талап ете бастады. Мемлекеттік алқаның 1760 жылғы 18 шілдедегі жарлығы бойынша Абылай сұлтанның бізге деген көзқарасы өзгермегенше, оның сұраған астығын (бірақ қанша екені көрсетілмеген) беріп тұруымыз қажет. Осы жарлыққа қосымша ретінде 22 тамыздағы нұсқауға қарағанда, қазактардың басқа ел ағаларына астық берілмесін, деген. Ал, қазақ арасындағы және шегара бойындағы басқа халықтардың жағдайы туралы құнды мағлұмат хабарлағандарға кісі басы 10-15 рубль сыйлық беріледі. Оларға үн босатылсын, деген анық нұсқау жок...

Құлеары батыр

Демек, Абылай сұлтанға астық жіберіп тұру керек, ал, Құлсары және Құлеке батырларға сұраған астығын беріп, оларға тиесілі сыйлықтың сомасына жазып қою қажет, делинген. Осыған байланысты Абылай сұлтанға екі жұз, аталған ел ағаларына жұз пүттән астық беріп тұруыма бола ма, деп нұсқау сұраймын.

Иван Шпрингер.

*Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках
(Сборник документов и материалов).*

A. 1961 г. док. № 262. С. 674-676.

Төл тұпнұсқасы АВПР, ф 122. 1762-1775 гг. кн.14. лл 149-151 об.

Генерал-майор Станиславскийдін Деколонг атына
жазған мәлімхатынан
1773 жылғы 23 сәуір

17 сәуір күні Орта Жұздің ел ағасы Құлсары батыр өзінің тілмәші әрі қазақ арасындағы барлаушымыз сержант Абдулов пен Баба деген қазақ арқылы маған хат жіберіпті. Хатты аударғанда мағынасы мынадай:

Қазактар Ресей бекіністеріне шабуыл жасап, тонауы мүмкін. Мұндай жағдайды болдырмас үшін ондай ойы барларды үстап алып, жазалау қажет...

Сондай-ақ, Ауғанстанның ханы қырық мын әскермен Бұқараға келіпті деген хабар бар. Бұл хабардың анық-қанығын біліп келу үшін Абылай сұлтан Бұқараға былтыр кісі жіберіп еді, ол әлі қайтқан жок...

Омбы облыстық мемлекеттік мұрагаты
1-қор, 1-тізбе, 184 -іс, 465 бет.

**ҚҰЛСАРЫ БАТЫР ЖАЙЛЫ
ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР**

ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – құрметтеуге лайықты тұлға

*Берік МҰҚЫШЕВ,
“Құлсары” қайырымдылық қорының төрагасы.*

Тәуелсіздікке қолымыз жеткен сәттен бастап-ак осыншама кен-байтақ жерге ие болған, оны қорғаған, тәуелсіздік үшін құресіп, сол жолда құрбан болған ата-бабаларымызды еске алып, барымызды бағалап, жоғымызды іздең жатырмыз. Еліміз құл, жеріміз құл болмасын деп алтын басын ажалаға тіккен батырларымыздын бірі – Құлсары Бөріұлы.

Сонғы екі-үш жылдын бедерінде Абылай ханың ең сенімдісеріктері болған атақты жерлестеріміз Құлекемен Құлсары батырлар туралы жергілікті өлкетанушылар: маркұм Фалым Қадірәлі және Қайролла Мұқанов, Кобылан Хамзин, Мағжан Рақымов, Социал Жұмабаев зерттеу мақалалар жазды. Құлсары батырдың үрпағы Мағжан Рақымов бабасы жайлы кітап құрастырып шығарды.

Мұрағат деректеріне негізделе жазылған бұл зерттеу енбектер Құлсары батырдың өмірі мен қоғамдық қызметіне талдау жасауға, тиянақты қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Құлсары батыр қай жылы туып,
қай жылы қайтыс болды?

“Генерал-майор Антон Данилович Сколон мырзаның шекара кенсесінде қырғыздың иесі Абылайдың 1776 жылы 25 қазан күні келген хаты” атты құжатта былай деп жазылған: “Асып туған және мәртебелі генерал-майор

Антон Данилович Сколон мырзаға иіліп сәлемдесемін. Сізге таныс қырғыз старшыны Құлсары батыр жасы келгендіктен және қатты ауру мендегендіктен дүниеден өтті. Ол Ресейдің ұлы императорына берген антын адал орындағы... Аударған тілмаш Маметияр Кучеяров” (Омбы мұрағаты. 1-жазба, 201-іс, 346- бет).

Бұл құжат батырдың 1776 жылы қайтыс болғанына толық дерек деуге болады және 1776 жылдан кейінгі деректерде Құлсары мен Құлекенің есімдері аталмайды. Тарих сахнасынан шығып қалған сияқты. Енді қай жылы туғанын анықтау үшін Құлеке батырдың туған жылымен салыстыру керек. Өйткені, Құлсары барлық деректерде Құлеке батырдан біраз жас кіші деп жазылған Бір ғана мысал келтіреік. “Ресей сыртқы істер алқасының жарлығы. 18.07.1760” атты құжатта: “Құлсары батыр өзіне жылдық жалақы тағайындалса, Ресей пайдасына қызмет етуге дайын, бірақ өзін қартайып қалған Құлеке батырмен теңестірмеуді сұрайды...” (“Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках”, 607- бет).

Ал Шал ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер бірауыздан Құлеке батыр 1710 жылы туып, 1771 жылы қайтыс болғанын жазады.

Осы арада бір айта кетейік дегеніміз, Ресей мұрағаттары құжаттарынан бір байқағанымыз – сол кезде зейнеткерлік жас ерлер үшін алпыс жастан бастап, дәл үакытында зейнеткерлікке шығарып отырған. Оған дәлел зейнеткерлікке шығар кезде Батыс Сібір губерниясы Советінде болып, қызмет атқарған Тұрлыбек Кәшенов, Есеней Естемісов, Көкшетау дуанының аға сұлтандары болған Жылғара Байтоқинды, Шыңғыс Уәлихановты, Мұса Жылғаринды алпыс жасында зейнеткерлікке шығарған.

Осыған қарағанда, Құлсары батыр өмірден әткен 1776 жылға дейін алпыс жасқа толған жоқ. Ресей мұрағаттары және тағы басқа деректер мен дәлелдемелердің азында

калған әнгімелерді сұрыптай келе Құлсары батырды 1715 жылы туып, 1776 жылы мүшел жасына қараған алпыс бір жасында дүниеден өтті деген корытындыға келуіміз керек.

Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Абылайдың сұлтан кезінде оған Есіл өзені бойына қоныстанған Атығай-Қарауыл елінің билігін бергенін тарихтан білеміз. Абылай сұлтан бұл елді екі болысқа бөліп басқарды. Петропавл қаласынан Есіл ауданының орталығы – Явленкаға дейінгі жерді Құлсары батыр (1715-1776 ж.ж.) басқарса, Явленкадан өрі казіргі Шал ақын ауданына қарасты Есіл өзені бойын, Аютас жерін Шал ақынның әкесі Құлеке батыр (1710-1771 ж.ж.) басқарды. Абылай сұлтан кезінде бұл екі ел басшысына “старшина” атағын алып берді.

Кейін Орта жүздің ханы Әбілмәмбет Абылай сұлтанға үлкен сенім артып, Орта жұз және өзіне қарасты елдердің билеу тұтқасын қолына береді. Енді Абылай сұлтан сенімді серіктері Құлсары мен Құлекені бүкіл Орта жүзді басқару ісіне араластырады. Елдің ішкі жағдайын, ел арасындағы дау-дамайларды келістіру істерімен қатар, сыртқы Ресей және Қытай мемлекеттерімен дипломатиялық жұмыстар жүргізеді. 1742 жылы Орта жүздің ел басшысы адамдарының бірі ретінде екеуі де Ресей бодандығын қабылдап, қолдарына Құран ұстап, Абылай сұлтанмен бірге ант беруге катысады.

1771 жылы Абылай қазактың ханы болып жарияланғанға дейін Орта жүзде орталық хандық билік әлсіз болып, Құлсары, Құлеке сияқты старшындар патшалық Ресейге тікелей бағынып, жалакы алышп, нұсқау алышп отырғанын байқауға болады.

Казактардың қалмақтармен, қытайлармен соғысқан жылдарында Абылай әскери қолбасшы ретінде Отан соғысы ісімен айналысып ел қорғаса, ел ішіндегі билік старшындардың қолында болды. Старшындардың, оның ішінде Құлсарының Абылайдың билік істерімен,

әсіресе, Қытай елімен қатынасы жөнінде келіспеушілік, түсініспеушілік те болды.

Сонғы кезде, әсіресе, Құлсары батырды “Абылайдың барлық ісін хабарлап отыратын патша өкіметінің жансызы” деген жаңсақ пікірлер айтылып жүр.

Рас, Құлсары батыр өзінің анты бойынша патша өкіметіне адал қызмет етті. Мұны теріске шығаруға болмайды. 1742 жылдың 25-30 тамызында үш жүздің 128 батыры мен билері, старшындары Ресей мемлекетінің бодандығын мойындал, адал қызмет етеміз деп қолдарына ұстаған Құрандарын сүйіп, Алла атынан ант бергенін тарихтан білеміз (“Присяжный лист хана Абулхаира, султана Ерали, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и Большого жузов”. 158-169 беттер).

Сондықтан діндеріне берік Құлеке мен Құлсары да анттарын бұзбай, патша өкіметіне адал қызмет етуге тырысты. Мұны архив құжаттарынан анық байқауға болады. Ислам діні бойынша да адамдардың өзі өмір сүрген қоғамына қарсы шықпай, сол қоғамға қызмет етуді теріске шығармайды. Немесе Ресей елі үстемдік еткен, кешегі кенес өкіметіне беріле қызмет еткен адамдарды сатқын деп жазғырып жатқан ешкім жоқ қой.

Екіншіден, Қытай елімен қатынастарын үзбей отырған Абылайдан сескенген Ресей өздерімен көршілес Құлеке мен Құлсары өлгеннен кейін олардың орнына старшын болған баласы Көлбакқа, Абылайдың немере туысы Салтамет сұлтанға, Салтаметтен кейін старшын болған оның баласы Орысқа Абылайдың Қытай елімен қарым-қатынасын бақылап отыруға тапсырма берді. Мұны жоғарыда аталған старшындар бұлжытпай орындал отырғанын архив құжаттарынан байқауға болады.

Абылайдың айлакерлік сыртқы саясатын түсінбеушіліктен де болу керек, бұлардың өздері Қытаймен байланысқа қарсы болды. Жалғыз Құлсары батыр емес,

Абылайдың немере туысы Салтамет сұлтанның, бұдан кейін старшын болған оның баласы Орыс сұлтанның да Абылайдың жүріс-тұрысын Ресей өкіметіне хабарлап отырған хаттары мұрафатта бар. Сондықтан бұл старшындардың бәрін Ресей өкіметінің жансыздары деуге болмайды.

Абылайдың Қытаймен қатынасын бақылап отыруды көбіне Құлсарыға тапсырған, оған төмендегі күжат дәлел бола алады. 1760 жылдың 18 шілдесінде жазылған Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығынан үзінді келтірейік: “Абылай сұлтан да жонғар жерлеріне көшуді ниет етулі. Алайда, Абылай сұлтанның қарауындағы қазактарды жонғар жеріне көшіп кетуден Құлсары батыр тежеп отыр... Орта жүз жөніндегі саясатымыз: оларды Қытай қарауына өтіп кетуден тежеп ұстau және казактардың Қытаймен байланысын үнемі бақылап отыру керек. Ол үшін Абылай сұлтанға, Құлсары және Құлеке старшындарға жалақы тағайындау керек”.

Бұл күжаттан Құлсарының қазактардың Қытайға емес, Ресейге тәуелді болғанын калағаны көрініп түр. Бұл үшін Құлсарының Ресейдің жансызы деп айыптау – аруаққа жасалған киянат. Бұл арада қазактардың Қытайға емес, Ресейге бағынғанының озық рөл аткарғанын айтып жатудың қажеті жоқ. Құлсары мұны сол уақытта білген деуге болады.

Мұрафатта Құлсарыны Ресейдің жансызы деп айып тағушылардың ілгешек қылатын тағы бір күжаты бар. Ол күжаттың қыскаша көшірмесі мынадай: 27.04.1773 жыл Құлсары батырдың шекара комиссиясының бастығы генерал С.К. Станиславскийге жазған хатынан.

“1. Есіл өзені бойындағы елдерді аралап, жағдайларын біліп келуге жіберген Абдуллов пен менің кісімнің айтуы бойынша Абылайдың қарауындағы қазактар Ресей шекарасына шабуыл жасамақ, бекіністі шаппақ. Сак

отырғандарының дұрыс” (Омбы мұрағаты 1-қор, 1-тізбе, 184-іс, 346-бет).

Ресей мемлекетінен айна 300 рубль ақша, 200 пүт астық алған, Петропавл қаласында өзіне сарай салғызыған Абылайды Ресей бекіністеріне шабуыл жасамақ деп жазу ақылға сыймайтын әнгіме екені белгілі. Мұның арандатушылық, екіжүзділік саясатпен жазылғанын түсінбегендер Құлсары туралы қате пікірге барып жүр.

Абылай ханның ең сенімді серіктерінің бірі Құлсары батыр екені, бұл батырдың Абылай ханның бір қолын басқарғаны, Абылай ханның өзіне қарасты қазақ елінің ішкі-сыртқы істерін осы батыры арқылы басқарғаны, Қазақстан тарихында және Ресей мемлекетінің мұрағатында көнінен жазылған. Қазақ елінің Ресей және Қытай мемлекеттерінің талауына түсіп, ұлт болып қалуы мен мемлекеттігінің тағдыры сынға түсіп тұрганда “Өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай” ұтымды саясат жүргізгені, ел басқарғаны халық жадында сақталып, мұрагаттарда хатталып қалды.

Бұған шұбә келтірудің ешқандай реті жоқ. Қайта Құлсары батыр сынды ұлы бабаларымыздың есімдерін ел есінде қалдыру шараларын ойластыруымыз керек. Биыл батыр бабамыздың басына кесене тұрғызуға кірісп кеткеніміз де содан.

*Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газетінің
ресми сайты URL: <http://www.soltustikkaz.kz>*

Магжан Рахимов

Подлинных документов о моем великом прадеде Кулсары-батыре, как и многих других казахских деятелей XVIII века, в Северо-Казахстанском областном государственном архиве нет. И все же, когда работники областного управления архивов и документации и госархива начали подготовку документального обеспечения и подтверждения исторических фактов пребывания хана Абылай на севере Казахстана для восстановления и строительства его резиденции в г. Петропавловске, документальные материалы удалось выявить в архивах Российской Федерации, в частности, в городах Москве, Омске, Оренбурге.

То немногое из документов, что удалось найти, а также опубликованные научные труды, особенно в период независимости Казахстана, позволяют увидеть «штрихи к портрету» не только нашего замечательного земляка, но и его сподвижников.

Кулсары-батыр (год рождения не установлен, год смерти доподлинно известен - 1776-й) - один из сподвижников эпохи хана Абылай, государственный и общественный деятель. Родился, проживал и похоронен на севере Казахстана.

В уже упоминавшемся сборнике документов «Казахско-русские отношения в XVI - XVIII веках» говорится: «Абылай-султан. Кочевье свое имеет при горе Кокше от Петропавловской крепости в 250 верстах, а Кулсары-батыр - против Петропавловской крепости в десяти верстах по речке Ишим».

Кулсары-батыр был к тому же аулие - святым человеком. Он мог предсказывать многие явления, лечить больных. О нем сложено множество легенд, которые передавались из

уст в уста на протяжении многих лет. В семи километрах от современного аула Булак Есильского района на возвышенном месте находится могила аулие Кулсары-батыра. У этого захоронения в 1958 году мой отец Калиаскар Рахимов, потомок батыра в шестом поколении, установил памятный камень и железную оградку.

Биография Кулсары самым тесным образом связана с именем Абылай хана. На протяжении всей своей жизни он был его помощником, советником и личным исполнителем всех поручений и заданий, касающихся отношений с Российским правительством. В документах XVIII в. имя Кулсары упоминается, а он сам характеризуется как влиятельный старшина и государственный деятель.

<http://petropavlovsksko.kz>

БАТЫР КУЛЬСАРЫ

(1708-1776)

*Сауле Маликова,
директор государственного архива
Северо-Казахстанской области*

Мақалада Абылай дәуіріндеңі белгілі мемлекет қайраткері, Орта жүздің батыры, әулие Құлсарының атқарған қызметі. Ресей мұрагаттарындағы құжаттар негізінде анықталған.

В ходе подготовки к документальному обеспечению и подтверждению исторических фактов о пребывании хана Абылая на севере Казахстана и строительстве ему дома в г.Петропавловске, работниками областного Управления архивов и документации и госархива была проведена работа по выявлению документальных материалов, находящихся в архивах Российской Федерации (гг Москва, Омск, Оренбург).

Востребованные документы, а также изучение опубликованных, особенно в период независимости Казахстана научных трудов, позволяют увидеть «штрихи к портрету» нашего замечательного земляка.

Кульсары батыр (1708 – 1776 гг) - один из сподвижников эпохи хана Абылая, государственный и общественный деятель.

— Жарайды, солай-ақ болсын. Найза бойламайтын мұндай құлық дипломатияның басты құралы фой. Сонда Абылай да алданған ба?

– Ресей әкімшілігі Абылайға тиісті өтінішті жаздырып алып, 1765 жылы күзінде Петропавлдан 250 шакырым жердегі Қылشاқты өзенінің бойындағы Жаңакыстау деген орында арнайы жоба бойынша төрт ғимарат салып береді. Бұл кешеннің сыйба-жоспары қолымызда. Бес бөлмелі, әр бөлмесі 38,2 шаршы метрден тұратын түрғынжай, 28,4 шаршы метр 1 бөлмелі кеңсе, осындай аумағы бар қонақ үй және монша салынып, сырты орланып, қоршалған. Кешеннің ұзындығы 75,77 метр, көлденені – 45, 86 метр, яғни 3472,5 шаршы метр жерді алып жатыр. Жобаны жасап, бекіткен және біткен құрылысты мақұлдаған Сібір өскерлерінің жаңа бастығы И.Шпрингер.

Міне, 1765 жылы Ресей патшасы Екатеринаның пәрменімен Абылай сұлтанға салынған ғимарат осы. Ол жылы және одан кейін де, немесе бұрын да Абылайға арнап басқа жерде үй салынған емес. Басқа қыстауы болған жок. Ұлы хан өз өмірінің сонында, 1780 жылы сөүір айында, өзінің Қекшетау баурайында Қылшақты өзені жағасындағы ордасынан аттанып, онтүстікке, Түркістанға қарай бет алды. Сонда топырақ бұйырды...

– Сонда Петропавлдағы «Абылайдың ак үйі» туралы гүргіме кайдан шығып жүр? Оның Мәскеуден табылған дерегі туралы жиі айтЫлады ғой.

– Аныздың кисынды екендігін дәлелдегісі келгендер кезінде Ресей астанасы Санкт-Петербургте шығып түрған «Новые ежемесячные сочинения» деген журналға сілтеме жасайды. Бұл журналды біз осыдан 20 жыл бұрын көріп, бірнеше санымен танысып шықканбыз. Журнал алыстағы астана қалада басылған, оны шығарушылардың қазақтар туралы мағлұматы Орынбор мен Омбыдан барған құжаттар төңірегінде ғана. Сонын өзінде бұл калалардың кай жерде түрғанын да шатыстырып жаза берген. Ал Петропавл бекінісі туралы мұлде бейхабар қаранды екендеріне көзіміз жеткен.

Айталық, журналдың 1795 жылғы 109-санында мынадай дерек беріліпті. «Петропавл гарнизонының офицерлері қазактармен келіссөз шараларына да жи қатынасатын Мысалы, 1779 жылы капитан Г.А.Лилигрейн жанына Бикчурин деген тілмәшті ертіп, Абылай ханға барып, келіссөз тапсырмасын орындал қайтқан еді».

Осы деректің тарихта болғаны рас. «Капитан Лилигрейн жанына Мендияр Бекчурин (шені – коллежский регистратор) деген тілмәшті алып, Абылай ханға Орынбор губернаторы П.Рейнсдорптың хатын апарып берген. Хатта Абылайға жіберілген хандық қуәлік пен тарту-таралғыны Петропавл бекінісіне келіп, қабылдал алу жөніндегі Ресей патшасының тілегі жазылған.

Алайда, Абылай бұл мәселе жөнінде өзінің бұрынғы үстанған саясатынан танған жоқ. Қазақ хандығының онтүстігіне, ондағы халқын қырғыздардың шабуылынан қорғау үшін аттанғалы отырғанын хабарлап, сыпайылап хат жазып, Петропавлға баруға «қолы тимейтіндігін» айтып жауап берді. Ал, «елші» Лилигрейн өзі таяқ жеп қала жаздап, Шыңғыс үлттаннан көретін қорлығын көріп, қайтып кеткен еді.

Бұл жағдайлардың бәрі Лилигрейннің хабарламасында және, Абылайдың хатында жазулы түр. Ресейдің Сыртқы саясат мұрағатында сақталып, «XVI-XVIII қазақ-орыс қатынастары» деген жинақта жарияланған. Бұл құжаттарды біз тұнғыш рет қазақшалап, «Абылай хан» деген кітабымызға қосқанбыз.

Осы құжаттардың әрқайсысы да Абылайдың Петропавлда ешқандай «ақ үйі» болмағандығын айфактайды.

Біргана дәлел: «Абылай қанша шақырсақ та Петропавлға келмей отыр... Абылай хан бұдан былай Ресей шекарасына жакын көшіп келмек емес... Абылай хан бірнеше орыс адамын тұтқында үстап отыр», тағы осы сияқты құжаттар жеткілікті.

– Ойдан шығарылған «Ақ үй» анызының дәйексіздігін дәлелдеп, уақытөткізгеннен гөрі, осы оқиғаларға байланысты басқа кызықты деректермен «Абылай хан» кітабынан оқып танысадын қажеттігін айтқанымыз дұрыс болар. Элде бұл кітабыңыз ел арасына тарамаған ба?

– Тарапан! «Абылай хан» кітабы республиканың барлық мектептеріне қосымша әдебиет ретінде Білім және ғылым министрінің 2005 және 2006 жылғы бұйрықтарымен ұсынылған. Мәдениет министрлігі оны әлеуметтік маңызы бар әдебиет ретінде республиканың барлық кітапханаларына таратуға ұсынған. Алматыда, Ұлттық кітапханада тұсаукесері өткен. Республикалық баспасөзде бірқатар пікірлер жарияланған.

Жә, негізгі әңгімемізге ойысайықшы.

Абылайды Ресей немесе Қытай патшасы, әйтпесе, Жонғар хандары жақсы көріп, бауырына тартыпты, құрмет көрсетіпті... Абылай оларға емексіпті деген сөздерді естісөніз, әстенанбаңыз. Бәрі керісінше. Қорқау көршілеріміз казактың кең даласына қызығып, сілекейі шұбырды. Бірақ, Абылай тұрғанда казақ сахарасынан бір сүйем де жер ала алмады. Шындық – осы! Тарихи ақиқат. Бұған ешкім де дау айта алмайды. Ал «Абылайдың ақ үйін» жалаулатып, оны дүниеконыз, тоғышар етіп көрсеткісі келгендердің ниеті маған түсініксіз. Бәлкім, тағы да «интернационалистер» шығар...

Ол ол ма, Ресей патшасы Абылайдың қазак жерінің бүтіндігін сактау жөніндегі табанды, принципті саясатынан сескеніп, «Абылайдың беделін түсіру үшін, оған қазақ ішінен «бакталас» біреуді тауып, ондай адамды үкімет тарапынан қолпаштап отыру жөнінде» Орынбор губернаторына ашықтан-ашық нұськау бергені де мәлім. Қазактың мұндай әлуettі ұлы ханын тақтан тайдыруға тырысып-ак бакқан отаршыл ниетті император арманына жете алмады. Абылай олардың қолына түспеді. Айта кету керек, Ресей патшалығы

Абылайдың көзін жою туралы Сібірдегі өкімет орындары арқылы сан мәрте айла-шарғы ұйымдастырып баққан. Мұндай жаулық пигылды анық сезген сұнғыла Абылай өзелден-ақ сақтық жасағаны айқын. Сақталған құжаттарда Абылай хан орыс елшілерін өз ордасында қабылдамай, Ресей патшасының хаттарын үшінші адам арқылы алғып, жауап беріп отырғаны анық көрінеді.

Тіпті, Орынборға бірінің орнына бірі келіп, ауысып-түйісіп жатқан губернаторлардың, генералдардың ешқайсысымен Абылай бетпе-бет кездеспеген. Сондай-ақ, 1742 жылдан бастап не Орынборға, не Петропавл бекінісіне ат ізін салмаған. Орыстың шені биік бірде-бір әскери адамымен жүздеспеген және нағыз тәуелсіз саясат үстанған. Қытай империясымен қарым-қатынасы да осында дәрежеде. Әмірсанға байланысты оқиғалар шиеленісіп кеткенде, Қытай императоры да Абылайды тұтқындауға адамдар жіберу туралы нұсқау берген. Бұл нұсқауының жүзеге аспағанына өкінген.

Бір өкініштісі, және ең бастысы, осындаш шетін мәселеде шындықты билетін белгілі тарихшылар, Алматыдағы Тарих және этнология институтының, Шығыстану институтының білікті мамандары кесімді сөзін айтпай отыр.

Қорыта айтқанда, қазақтың ардақты Абылай ханын орыстың қатын патшасының қанжығасына байладап беріп, карал отырамыз десеніздер, өздерініз білініздер...

– Ауыр айттыңыз-ау. Бірақ, әнгіменізге үлкен рахмет.

Әңгімелескен Жаңабек ШАФАТАЙ

<http://www.turkystan.kz>

АБЫЛАЙ ХАН БАТЫРЛАРДЫҢ БАТЫРЫ

**Гүлнэр ЖҰМАБЕКОВА,
“Абылай хан резиденциясы” мұраҗай кешені
тарих бөлімінің маманы.**

“Абылай хан резиденциясының” Қызылжар төрінен орын алғанына үш жылдың жүзі. Көптен күткен тарихи оқиғаға қатысып, мұражай кешенін салтанатты түрде ашқан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев:

– Біз бүгінде өз Тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген батырларымыз берілген тарихта аты қалған тұлғаларға арналған ескерткіштер салып келеміз. Солардың ішіндегі бірегейі, әрине, “Абылай хан резиденциясы” екені даусыз, – деп түйінделеп еді.

Қазактың қаһарман батыры, әйгілі қолбасшысы, көрнекті тарихи тұлғасының туғанына биыл – 300 жыл. Оның жеке батырлығы, жауынгерлік шеберлігі, қолбасшылық қабілеті, ұйымдастыруышылық дарыны, табандылығы мен жігері қазак халқы жеткен женістерде айқын көрініс тапқан. XVIII ғасыр батырлары Абылай ханының атақты қолбасшылары болған.

Жонғарлармен күресте Абылай басты рөл аткарды. Кожаберген жыраудың Абылай ханға айтқан ақылы (Сегіз сері шежіресінен алынды): “Бас уәзір боп ел билігі қолыңа тиген екен әрі ханың міндетін аткарып жүр екенсін, көреген бол, шырағым! Ақылың мен ерлігін, айла-әдісін қатар жүрсін. Ханың карадан өтініші болар, бұл сөзімді есінде сакта! Ер азбай, ел азса, айдын көлдің суалғаны. Ел азбай, ер азса, зор бәйтерегін құлағаны. Бәйтерегін құласа, ағаш орнына ағаш өседі. Айдын көлің суалса, немен толар есесі?”.

Сонымен қатар Бұқар жырау да ерлердің ерліктерін жырларына қосқан:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпак Құлашбек,
Шапырашты Наурызбай,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.

Ал Абылайдың сенімді серіктеріне айналып, ел мен жерді жаудан корғап, тарихтан өз орындарын ойып алған батырлар – Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Олжабай, Баян, Құлсары.

Шапырашты Наурызбай – жонғарларға қарсы құрескен батыр. Ол 1706 жылы туып, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданының Жалпақтас, Серіктас деген жерлерінде тұрған. Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай) бірі, қолбасшы, он мың басы. Шықкан тегі – Ұлы жүздің Шапырашты руы. Ұлы жүз тайпалары жонғар шапқыншылығының зардабын бәрінен көп тартады. Наурызбайдың өмірі жонғарларға қарсы соғыста өткен. Батыр аты осы жонғарларға қарсы қуресте шығады. Жонғарлармен соғыста оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бауыры бірдей қаза болған. Наурызбайдың 1729 жылы жонғар батырлары Шамалған мен Қаскеленді жекпе-жекте өлтірген ерлігі қазақ даласына кең тарайды. Ұлы жүз жасақтарына басшылық жасайды. 1750-1752 жылдары ол Бәсентій Малайсары, Қыстық Малай, Шапырашты Қасқары батырларымен бірге жонғарларды Жетісу жерінен тықсыра қуып, Тұрпан асуынан асырады. Осы жерде женіс туын көкке көтерген батыр көп қазақты тұтқыннан босатады.

Шәді төренің дастанында да Шапырашты Наурызбай батырға қатысты бір мәлімет бар. Ол мәлімет бойынша Абылай хан қалмактармен бітімге келеді де, Қытайға елші жібереді. Елшінің алдында Шәуешекте екі жакқа ортақ базар ашып, екі ел арасында сауда қарым-қатынасын орнату туралы келісімге кол жеткізу міндепті қойылды. Осы елшілік құрамындағы басты тұлғалардың бірі Шапырашты Наурызбай батыр болады. Шәді төре осы жайды былай сипаттаған:

Шапырашты Наурызбай дүр бірісі,
Найманнан Барлыбай бар екіншісі.
Елшіге Кіші жұзден қосылды кеп,
Тамадан Есет батыр деген кісі.

Каракерей Қабанбай, Дарабоз – қазақ батыры. Азан шақырып қойған аты – Ерасыл XVIII ғасырда жонғар басқыншыларына қарсы құрестің бел ортасында жүрген қолбасшылардың бірі. Халық арасында оны Қаракерей Қабанбай деп атаған. Ол найман ішіндегі Каракерей руының Байжігіт тармағынан. Қабанбайдың жеті жасында әкесі Қожағұл, он алты жасында ағасы Есенбай жонғарлар қолынан каза тапқан. 16 жасар бала жаудан жасырын барып, ағасын өлтірген жонғар батырын өлтіріп кек алған. 1717 жылы Аякез шайқасында ерекше көзге түсіп, Қабанбай батыр атанады. 1741 жылы Шынғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанады. 1752-1754 жылдары Жетісу, Тарбағатай, Алтай өлкелерін жонғарлардан азат ету жорыктарында Қабанбай баскарған казак өскері алдымен Іле, Балқаш, Карагатал өнірлерін жаудан тазартуға қатысқан. Әкесі Әтекенің кегін алу үшін 500 адамдық колмен келген қыргыз батыры Карабекке ауырып жатқанына қарамастан, қол бастап қарсы шығып, Қабанбай жекпе-жекте Карабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшыраған. Қабанбай батыр есімі ел есінде сақталған.

Қанжығалы Бөгенбай Ақшаұлы – Абылай заманындағы атақты қолбасшы, батыр. Ол 1680 жылы Қаратая бектеріндегі Бөген өзені бойында туған. Сол кездегі қазақ батырының жасы үлкен ақсақалы. Сондықтан оны халық аныздарында ардақтап “Қанжығалы карт Бөгенбай” деп атап кеткен. Қарабалта түбінде қырғыздармен шайқасқанда, Бөгенбай батыр 77 жаста болған деседі. 1708 жылы Бөгенбай батыр отыз мың жасақты бастап, қазақ елінің берекесін ала бастаған казак-орыстарды түре куып, Еділден әрі асырып тастайды.. Осы үрыста Бөгенбай, алғаш рет ерлігімен көзге түседі. Батыр жонғарларға қарсы жүзден астам шайқасқа қатысқан. 1710 жылы Қарақұмда өткен үш жүз қазақтарының құрылтайында бүкіл қазақтан жасақ құрып, жонғар шапқыншылығына тойтарыс беру жоспары талқыланды. Осы құрылтайда Бөгенбай батыр үш жүздің бас сардары болып сайланды.

1756-1758 жылдары бірінші рет Шығыс Түркістанға келген қытай әскерімен болған әйгілі Талқы соғысында қытай әскерлеріне қатты сокқы беріп, оларды Үрімшіден асыра қуды. Бөгенбай жасы үлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Яссави мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін арулап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. 1776 жылы көктемде баласы Тұраналы мен елдің игі жақсылары батырдың сүйегін нарға теңдеп, Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Яссави кесенесіне жерлекен. Батырдың денесі сөреге қойылған жер күні бүгінге дейін Ереймен өнірінде “Бөгенбай сөресі” деп аталады. 1991 жылы Астана – Павлодар, Ерейментай – Павлодар тоғысқан жол торабында Бөгенбай батырға арнал ескерткіш орнатылды.

Олжабай Толыбайұлы – жонғар басқыншылығына қарсы құреспекен қазактың атақты батырларының бірі. Шыққан тегі – Орта жүздің Арғын руынан. Олжабайдың арғы атасы Айдабол он үш жасында би болған. Одан

Айдаболдың үш әйелінің бәйбішесінен – Жанқозы, Малкозы, Кенжеқозы, ортанышы әйелінен – Қарақозы, Бозқозы, Аққозы, ал тоқалынан Қожагелді мен Тайкелді туады. Балаларының бәрі де “сен тұр, мен атайын” дегендей, әрі шешен, әрі батыр болып еседі. Бәйбішесінен туған Кенжеқозы жас кезінде қайтып, айттырып койған қызы оң жакта жесір қалады. Ол үйсін Қаратай батырдың қызы екен. Әкесі осы қызды тоқалдан туған Тайкелдіге алып берем дегендеге Жанқозы:

– Кіндіктесімнің жесірін тоқалдың бала-сына алдырмаймын, – деп зорлықпен қызды інісі Малкозының баласы Толыбайға алып береді. Осы Қаратай батырдың қызынан Олжабай туады.

Әкесі Толыбай атақты “Ақтабан шұбырындыда” босқын елді жау өтінен қорғап жүріп оққа ұшады. Осы кезде он үшке жана толған Олжабай нағашысы Қаратай батырдың қолына барып, сонда тәрбиеленеді. Халық шежіресінде, ауызша әнгімелерінде Олжабай туралы өте көп айтылады, өлең-жыр, ластандар да баршылық. Онда Олжабайдың батырлығы, тапқырлығы, мергендігі ерен сүйіспеншілікпен сөз болады. Оның есімі Орта жүзге ұран болған. Халық жырларында “Олжабайлап” жауға шапқанның женбейтіні болмаған. Жау келгенін хабарлаған Олжабай көмекке ұмтылады. Ол жауды коршап алып, таудын бір қуысына тығып койып, койдай қырады. Сонда Олжабайдың сұсын көрген жолдасы Төртүл Баймұрат батыр: “Енді сен демал, мұнда саған қарсы келер ешкім қалған жоқ. Қалғанқұтқаны болса, маған сауғаға бермейсің бе?” – деп, атының сулығынан ұстағанда Олжабай:

– Жасыбайдың бір бармағының да күны толған жоқ қой, – деген екен күрсініп. Кейін халық қапыда кеткен есіл ердің құрметіне Жасыбайдың жау күткен асуын “Жасыбай асуы”, Шойынкөлді “Жасыбай көлі” деп атап кетіпті. Ол жерлер бүгін де солай аталады.

Баян Қасаболатұлы – жонғар шапқыншылығына қарсы құрескен батырдың бірі. Ол шамамен 1710-1715 жылдары туған. Баян тапқырлық қасиеттерімен Абылай ханның назарына ілініп, оның ерекше құрметіне бөлөнген. Қазақ-жонғар шайқастарына қатысып, ол “Батыр Баян” атанады. Батыр Баян қалмақтарға қарсы шайқастардың бірінде ағасы Сарымен бірге қаза табады. Батырдың ерлігі Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баян” дастанында жырланады. Осы дастан желісі бойынша кинофильм түсірілген (режиссері С. Тәуекелов, 1993 жыл). Батырдың жоғарыда аталған қасиеттері осы фильмде өте тамаша беріледі.

Өзіміздің жерлесіміз, солтүстік өңірінің ержүрек батыры – Құлсары батыр Орта жүздің ірі руладының бірі Атығайдың Құдайберді тұқымынан екен. Құдайбердіде Құлымбет, Жәмет, Ақмеліш, Андай, Ырсай, Есенгелді деген алты бала болыпты. Ырсайдың бір баласы – Бөрі. Бөріден Құлсары туған. Батырдың жетінші ұрпағы Мағжан Ракымовтың айтуынша, Құлсарыда алты ұл болған: Құлыбек, Тау, Бейсеу, Қалдаман, Ораз, Мамай. “Ел мен жер” атты кітаптың авторы Т.Сәдуақасовтың айтуына қарағанда, Құлсары батырдың ұрпактарының бірі – Аскар Омаров. Шынында да, Құлсары батыр батырлығымен қоса әулие кісі болған. Қазіргі Есіл ауданында Құлсары әулиенің зираты бар. Сол зиратқа 1958 жылы оның алтыншы ұрпағы К.Ракымұлы белгі тас қойған. Абылайдың сенімді серігі, он колы болған Құлсары батыр көбінесе көрші мемлекеттермен татулық сақтау үшін дипломатиялық жұмыстармен айналысқан. Ресей орталығының сол кезде Батыс және Орынбор губерниясын басқарып отырған шенеуніктермен кездесіп, келіссөз жүргізіп, казак елінің мұддесі үшін қызмет еткен. Мұны Ресей мұрағаттарында сақталған көптеген құжаттардан байқауға болады. Ресей мұрағаттарында сақталған құжаттарда Құлсары батырдың есімі ең алғаш 1742 жылы аталағы. Сол жылғы тамыздан

26-сы күні ол басқа да Орта жүздің батырларымен бірге Ресей патшалығына адал қызмет етуге аnt берген екен. Оның алдында 4 күн бұрын ғана Абылай сұltан да аnt берген болатын. 30 жылдан астам уақыт бойы Абылайдың сенімді серігінің бірі болып, қазақ жерін корғауға, ел тыныштығын сактауға мол енбек сініргенін байқауға болады. Орыс құжаттарында да оның ел ішінде өте беделді адам екені әлденеше рет айтылады. Сонымен қатар ол әрқашан Ресей мемлекетімен тату болып, жақсы бейбіт қарым-қатынастар жасауды жерлестеріне айтып отырған. Абылайдың сенімді серігінің бірі болып, қазақ жерін корғауда, ел тыныштығын сактауға мол енбек сіnірген. Қазақ жұртының еркіндігін сактауда ерлік көрсеткен ержүрек батыр.

Қазақ батырларының өлмес өмірі, өшпес жолы, дара тұлғалары, батырлығы осы күндері ерлігі елге ұран, жұртқа өнеге болып келеді. Елімізде ұлы бабамызды мәнгі есте сактауға арналған іс-шаралар аз емес. Қаламызда бұрын хан ордасы болған “Абылайдың ақ үйінің” алдында орнатылған арғымак мініп, елін алға бастаған хан бабамыздың қоладан күйылған мұсіні алыстан көз тартады. Жорықтарда сенімді серігі болған тұлпары зымырандай ұшып, оқтай атылуға дайын тұр. Тізгінді нық ұстаған, жан-жағына биіктен көз салған Абылай бейнесі кімді болса да тебіренткендей. Қазақ елінің тұтастығын сактап қалған кеменгер бабамызға қандай күрмет көрсетсек те көп емес.

*Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газетінің
ресми сайты URL: <http://www.soltustikkaz.kz>*

Кинжал батыра Кулсары

Лариса Морозова

Кулсары батыр - один из сподвижников эпохи хана Абылай, государственный и общественный деятель. Родился, проживал и похоронен на севере Казахстана. Выходец из поколения Кудайберды казахского рода Атыгай, он в свое время был непререкаемым авторитетом среди своих друзей и соотечественников.

Биография Кулсары самым тесным образом связана с именем Абылай-хана. На протяжении всей своей жизни он был помощником, советником и личным исполнителем всех поручений и заданий Абылай, касающихся отношений с Российским правительством. В документах XVIII века имя Кулсары нередко упоминается, а он сам характеризуется как влиятельный старшина и государственный деятель.

Он был горячим сторонником установления добрососедских отношений с сопредельными государствами. Имя батыра Кулсары впервые встречается в документах, датированных 1739 годом. В этом году он участвовал в церемонии коронации хана Абулмамбета. В первых числах августа 1742 года совместно с группой султанов, батыров и биев Среднего жуза в г. Оренбурге присягнул на верность российскому царю. («Казахстанско-русские отношения в XVI-XVIII веках», А. 1961, с. 222).

Вот текст того присяжного листа хана Абулхаира, султана Ераги, батыров, биев и старшин Малого, Среднего и Большого жузов: «Я, нижепоименованный, обеща-юся и клинуся всемогущим богом и пророком нашим Махометом в том, что хочу и должен е.в. в своей истинной и природной великой государыне, имп. Елизавете Петровне, самодержице всероссийской и по ней самодержавной е. в. имп. власти и по высочайшей ея воли збиаемым и определяемым наследникам

верным, добрым и послушным рабом и подданным быть и все к высокой е. в. силе и власти принадлежащая, права и преимущества, узаконенные и впередь узаконяемые, по крайнему разумению, силе и возможности предостерегать и оборонять, и в том во всем живота своего в потребном случае не щадить. И притом по крайней мере стараться споспешствовать все, что к е. в. Верной службе и пользе государственной во всяких случаях касатися может, так как я пред богом и судом его страшным в том всегда ответ дать могу, как сущее мне господь бог душевно и телесно да поможет. В заключение же сей моей клятвы целую закона нашего куран. Аминь».

- Среди прочих прибывших с Абулхаир-ханом киргиз-кайсацких старшин и других нижеподписавшихся кайсаков свою подпись в клятве верности к службе ее величеству и в присутствии тайного советника и кавалера Неплюева с Абулхаир-ханом тангу свою приложил и мой предок Кулсары-бий, - говорит М.Рахимов.

Вот что он написал в своем донесении: «Напред сего, в командование Оренбургского господина генерал-поручика И.И. Неплюева, призван я был и со мной Абылай султан, с коим вообще учинял в Оренбурге присягу с тем, есть ли что нами разведенного о разных обстоятельствах, доносить бы, куда принадлежит будет, российской стороне командующим. А потом мне напоследок был дан по должности моей и лист, в коем записан я старшиною и назван тарханом».

В последующие годы батыры Кулсары и Кулеке(1710-1771)несколько раз отправлялись в качестве посланцев султана Абылай в российские города для решения межгосударственных вопросов. Также Абылай возлагал на своих помощников от своего имени и от имени рода Атыгай Среднего жуза проведение переговоров с пограничными властями. Например, в марте 1753 года Абылай посыает их в г. Троицк, чтобы просить помочь в борьбе против джунгарских захватчиков.

- Великая слава о батыре Кулсары дошла и до наших дней. Его чтят и почитают потомки, все, кому небезразлична судьба своего народа. До сего дня на этой земле, где жил мой знаменитый прадед, - говорит Магжан Рахимов, - живут потомки его 6 детей (сыновей), которые служат на благо своей родины. Недавно стало известно о том, что у одного из нас -Жусупбека Аубакирова, потомка великого Кулсары в седьмом поколении, сохранилась одна из реликвий великого прадеда.

Едва Кулсары-батыр родился, как ему достался в наследство от деда кинжал У скольких людей до и после Кулсары побывала в руках эта ценная реликвия, неизвестно. Неслали она с собой только память, или была в руках защитника Отечества грозным оружием? И это нам неизвестно. Сегодня его бережно хранит и держит в руках, показывая только избранным, потомок в седьмом поколении аксакал Жусупбек Аубакиров, из рода сына Кулсары Бейсеу.

- Мы жили в простое время, молились Богу, - рассказывает аксакал. -Брат Омирбек в 1965 году работал участковым инспектором в Тимирязевском районе. Одна бабушка узнала о том, что он является потомком сына Кулсары Бейсеу, рода Атыгай, и позвала его в гости:

- Милый, - сказала она, - пришло время. В память о Кулсары-ата я сохранила кинжал. Его я не могу доверить своим детям. Он должен принадлежать только его потомкам. Благодарю Аллаха, что я дожила до того времени, что могу со спокойным сердцем передать его одному из потомков Кулсары. Я отдаю его тебе, береги как зеницу ока. Возьми, с Богом, -сказала она.

- Теперь наша главная цель—найти ту бабушку, которая оставила кинжал моему брату. Если даже ее уже нет сейчас, будем искать ее детей, внуков, правнуоков. Если она хотела и сумела сохранить эту вещицу, значит, она по какой-то причине была ей дорога, а может, она тоже является потомком Кулсары, - говорит Жусупбек Аубакиров.

Ножны кинжала достойного уважения казахского народа Кулсары батыра украшены орнаментом деревянной резьбы, обернуты материалом вместе с однородными предметами из черного металла и камней. Теперь потомки хотят провести экспертизу и узнать, из чего сделана эта диковинка. На вопрос: «Отдадите ли кинжал ваших предков в музей?» - старый Жусупбек ответил: «Из шанырака не вынесу. Останется как наследие моим внукам». Кулсары-батыр к тому же был аулие - святым человеком. Он мог предсказать многие явления, лечить больных. О нем сложено множество легенд, которые передавались из уст в уста на протяжении многих лет. В семи километрах от современного аула Булак Есильского района на возвышенном месте находится могила аулие Кулсары-батыра. У этого захоронения в 1958 году потомок батыра в шестом поколении Калиаскар Рахимов установил памятный камень и железную оградку. В последние годы к могиле аулие Кулсары приезжают люди из разных регионов нашей страны и среднеазиатских республик, надеясь облегчить свои недуги.

О батыре и аулие Кулсары мы пока имеем мало сведений. Об этом человеке есть материалы в архивах Оренбурга, Омска, Троицка, Тюмени, Томска и других городов России. В настоящее время М.К. Рахимов занимается исследованием истории жизни и деятельности своего предка и ищет других его потомков. Всех, кто имеет о Кулсары-батыре какие-либо сведения, хранит документы или реликвии, как Ж. Аубакиров, просим откликнуться и связаться по адресу: Кызылжарский район, село Бишкуль, ул. Сенная, 11, тел. 8-715-38- 82-62.

*C.Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми
Кітапхананың ресми сайты URL: www.nklibrary.kz*

Қасиетті Құлсары адыры

Ербақым АМАНТАЙҰЛЫ

Ежелден қазактың мекені болған Қызылжар топырағында қасиетті жерлер өте көп. Солардың бірі – қазіргі Есіл ауданына қарасты Бұлақ ауылының жанындағы Құлсары батыр жерленген адыр. Құлсары Абылай хан тұсында жауға карсы қол бастаған батырлардың бірі болған және оның ержүректігімен коса, әулиелік қасиеті жайында да аныздар бар.

Бұғінде дендеріне шипа іздейген жандар еліміздің түкпір-түкпірінен келіп, әулиенің басына қонып, Алладан жандарына медет тілейді. Емделіп кетіп жатқандары да баршылық. Бұл – сонғы кездері ғана белең алған үрдіс емес, батырдың басына зиярат етушілер бұдан бұрын да болғанын ақсақалдар айтып отыр. Қарағай ауылының тұрғыны Өтеген Жүсіпов Құлсары әулиенің бейіті туралы мынадай әнгіме айтады: «Құлсары әулие жерленген жер Бұлақ ауылының онтүстік-шығысында, ауылдан 8-9 шакырымдай жерде орналасқан. Осы үстірт үстінде басқа да зираттар бар. Бала кезімізде осы үстіртке барып, аруақтарға өзімізше дұға оқып, бет сипап қайтатынбыз. Сондағы байқағанымыз, зираттардың тастары арасында садақаға тасталған күміс ақшалар жататын. Үстірт маңайында жерошақтың орындарын, түрлі-түсті маталардың қындыларын көретінбіз. Үлкендерден сұрағанымызда, алыс-жакын жерлерден ауруға шалдышқан адамдардың әулие зираты басына түнеп, тауап ететіндерін айтушы еді».

Құлсары бабамыз түрлі шөптерден дәрі-дәрмектер жасап, ауру-сырқауларды емдейді екен. Риза болған халық ол кісіні «әулие» деп атайды. Ол қайтыс боларда: «Көзімді жұмғаннан кейін мені ана адырдың басына жерлендер. Егер үш жылдан кейін қабірді ашып қарағанда, денем бұзылmasa, сонда ғана маған «әулие»

атын беріндер», - депті. Ел-жұрты Құлсарының бұл аманатын орындаپ, қабірін ашқанда, батырдың бейітінен бір ғажап жұпар иіс шығады. Бұл хош иіске таңғалған халық сол жерде Құлсарыға «әулие» атын берген екен. Қазір бұл адыр Құлсары әулие аттының аталашп кеткен.

Құлсарының әулиелігі туралы ел аудында тағы бір аныз бар. Ол жасы жетіп қартая келе, өлім сағатының таяғанын сезіп, екі ұлын жанына шакырып, мынадай аманат айтқан екен:

«Мен о дүниеге аттанған соң жуып, кебіндеп, ауыл сыртына киіз үй тігіндер де, мәйітімді сонда қойып, күзетіндер. Үш күннің ішінде осы үйдің алдына бір ак түйе келіп шөгер, соған менің мәйітімді артасындар да, түйенін соңынан ересіндер. Түйе жүріп отырып межелі жерге жеткенде өзі шөгер, сол жерге мені жерлейсіндер», – деген екен. Айтқаныңдай, әулие қайтыс болып, балалары арулап, ауыл сыртына киіз үй тігіп, мәйітті сонда апарып қойып, өздері күзетуге кіріседі. Екі-үш күннің шамасында, әулие айтқандай, киіз үйдің алдына келіп ак түйе шөккен көрінеді. Балалары мәйітті түйеге мұқият артып, өзіне ғана белгілі бағытқа бет алған түйенің соңынан ілеседі. Түйе сол жүргеннен жүріп отырып қазіргі бейіті тұрған үстірт үстінде, келіп шөгеді. Сөйтіп, Құлсары әулие өзінің өсietімен осы жерге жерленген екен».

Бұгінде батырдың үрпағы және басқа жанашыр азаматтар «Құлсары» атты қайырымдылық корын құрып, батырдың басына мазар салып жатыр. Жалғызтаудың батыс беткейінде, таудың сілемі тәрізді үстірттің үстінде, Бұлак ауылының түстігінде жерленген Құлсары әулиенің мазарының құрылышы жақында аяқталып та қалар. Мазар Ақтаудан әкелінген ак тастардан өрілуде.

ҚҰЛСАРЫ БАТЫРДЫҢ МАЗАРЫ

Ақтаудың ақ тасынан өрімекші

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

Атшаптырым жердегі Бескөлде тұратын зейнеткер Мағжан Рақымовтың сегізінші атасы болып табылатын Құлсары батырдың есімін есте қалдыру ниетін бірінші рет білдіргенінде 1997 жыл еді. Қасындағы Қобылан Хамзаұлы екеуі ынталы топ мүшелерінің тізімін көрсетті және оған мені де қосып қойды.

Баспасөз бетінде бабамыз туралы ана тілінде де, орыс тілінде де мақалалар жариялаумен басталған бұл жұмыс тыным-толас тапқан емес. Батырдың басына кесене тұрғызыуды, көшелерге есімін беруді қуаттаған Бұлак ауылы тұрғындарының қолдаухаты аудандық және облыстық ономастикалық комиссияларға жіберілгеніне екі-үш жыл болып калды. Құдайберген Қалиев бастаған ынталы топ өткізген аздықөпті отырыстардың бірінде облыс әкімі Серік Біләлов бұл мәселенің оң шешілупін Есіл ауданының әкімі Асқар Бегмановқа тапсырған болатын.

Сол жолы аудан әкімі ас берген жиын үстінде “Құлсары” қайырымдылық қоры құрылды. Оған ең бірінші болып қаржы аударған адам, әрине, Мағжан Рақымов. Одан кейін көп үзамай Кебек Серікбаев та соншама қаражатын қиды. Қалалық аумактық инспекция ұжымы да өз үлесін қости.

Бір қызығы, ә дегендегүскең осы үш жұмын тенге қолға тигенде кордың аты бар да, заты жоқ еді. Абырой болғанда, кейде ауырып-сырқап қалатыны бар Мағжан ағамыздың орнын толтыруға тырысатын азamat табылды: ол – Берік Мұқышев. Осы қорды ашып, оның мөрін жасатып алғаннан кейін бірден іске кіріскең ол жиналған қаражатты бір-ақ күнде жұмсады: Құлсары әулиенің мазарының нобайын жасату 285000 тенгеге түсті. Бір қуаныштысы – мазардың

нобайын республикалық сәулет комиссиясы бекітіп, ен жоғары бағасын берді.

Берді демекші, бұл корға қаржы аударған азаматтарды бөле-жара атағанымыз абзal болар. Олар мыналар:

“Киров атындағы зауыт” АҚ-ның бас директоры Марат Эбілмәжінов; Астанадағы тікелей үрпактарының бірі – Аскар Омаров; Берік Бекмағамбетов; Токтар Мұқышев; Абай Есімсейітов; ағайынды Бекмағамбетовтер мен Руслан Әбілов; Мұрат Аушакманов.

Ақшалай каражаттан кем түспейтін материалдық көмегімен көзге түскендер де аз емес. Мәселен, Есіл ауданының әкімі бірінші болып қажетті жүк көліктерін, екі кранын, күркелі автокөліктер берді. “Сектор Строй Север” ЖШС-нің жетекшісі Аскар Мәдиев үш машина құм, 15 тонна цементті тарту еткенімен шектелмей, Бұлакқа дейін жеткізіп берді. Ал “Единство” ЖШС-нің директоры Марат Мергенов 15 іргетас пен бір шығыршыққа акы сұраған жоқ. Ол тағы да бірнеше іргетас пен шығыршық бермек ниетте. “Рұстем” ЖШС-нің директоры Мұратбек Омаров екі күнге КамАЗ автокөлігі мен бір кранды пайдалануға берді. Алыстағы Бұлак ауылының жаңындағы Құлсары әулиенің мазарын түрғызуға еліміздің тұнғыш гарышкері, Халық қаһарманы Токтар Әубекіров те көмегін көрсетуде: ол “Урал” автокөлігін пайдалануға беріпті. Қызылжарлық кәсіпкер Сайран Хамзин алыстағы Актаудан келген он құрылышыны қонақүйлерінде тегін түрғызды. Ал әскери институт екі пеші бар әскери палатка берді. Оған коса екі жылжымалы асүйі, 15 төсек-орын және бар. Актаудан Тайыншаға жеткізілген жүкті түсіріп алу ақысын өзі төлеген “Вагон-Транс” ЖШС директоры Амангелді Дүйсенбаев та қайырымды азамат екен. “Нұрсұлтан – Құрылыш” ЖШС-нің директоры Әскер Мұқатаев үш рет “ГАЗелін” берді, енді қонақүй салып беруге қол ұшын созбак.

Көктемгі көксалпаққа қарамастан, Ақтаудан әкелінген құрылыш материалдары Бұлактың жанындағы Құлсары батырдың қабірінің басына жеткізілді. Сол жақтан келген жеті маман Ақтаудың ақ тастарын кесіп, дайындал қойды. Жуырда сол жақтан тағы да сегіз құрылыштың келіп, мазардың іргетасын кую жұмысына кірісіп кетті. Бұлак ауылының тұрғыны Серкелбай Тынысбеков Құлсары әулиеге ұдайы тәу етіп жүрген иманды азамат ретінде күн сайын құрылыш басында.

Сонымен Жалғызтаудың батыс беткейінде, таудың сілемі тәрізді үстірттің үстінде, Бұлак ауылының түстігінде жерленген Құлсары әулиенің мазарының құрылышы қолға алынды. “Құлсары” қайырымдылық қорының төрағасы Берік Мұқышев құрылыштың маусым айының аяқ кезінде аяқтауға уәде беріп отыр. Жасыратыны жоқ, сметасы тоғыз миллион теңгені құрайтын бұл мазарды тұрғызуға түскені 5 миллион теңгенін үстінде. Соған қарамастан, төраға құрылыштың уақытында аяқталатынына сенімді. “Тіпті болмаса, астымдағы автокөлігімді сатам”, – дейді ол. Ал шешесі Нагима болса, Жана жылдан бергі зейнетакысын аударды. Жо-жоқ, бұл қорға қаржы аударушылар әлі де бар.

Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газетінің ресми сайты URL: <http://www.soltustikkaz.kz>

ӘУЛИЕ БАБАМЫЗ хакындағы аныз бен ақиқат

Берік МҰҚЫШЕВ,
“Құлсары” қорының төрагасы,

Социал ЖҰМАБАЕВ,
өлкетанушы

Құлсары батыр туралы сонғы кездегі баспасөз жарияланымдарында оның Абылай ханының ен сенімді батырларының бірі болған тарихи тұлға екені жайлыш сөз қозғалып, оның көріпкел, емшілігі туралы жазылмай келді. Қанағман бабамыздың осындай тағы бір ғажап қыры жайлыш да оқырман қауымды хабардар етуді жөн көрдік.

Құлсары бабамыз туралы қолға түскен деректердің барлығы орыс мұрағаттарынан алынды деп айтуға болады. Солар бойынша жазылған “XVI-XVIII ғасырлардағы казак-орыс қатынастары” (Алматы. 1961 ж.) кітабында Құлсары бабамыздың есімі отыз шақты құжатта кездеседі. Осы құжаттардағы Құлсары есімінің алдындағы “батыр”, “старшин” деген анықтауыш сөздермен қатар кей жерлерде “ясновидец”, “предсказатель”, “лекарь” деп жазылған. Бұған қарағанда Құлсары бабамыздың көріпкел-әулие екендігін казак халқы ғана емес, көршілес коныс тепкен орыстардың да мойындағанын байқауға болады. Орыс мұрағатындағы мәліметтер осылай деп жатса, мұндай мұрағаты жоқ казактардың Құлсарының әулиелігі туралы аныз-әңгімелері ауыздан-ауызға тараپ, бізге жетті. Олардың бір парасы төмендегідей:

“Құлсары бабамыздың тұрлі шөптерден жасаған дәрі-дәрмектері ауру-сырқауларға шипа болып, жан-жақтан адамдар ағылып келіп жатады екен. Риза болған халық ол кісіні “әулие” деп атайды. Бірақ өзі бүл атауға қарсы болады. Өзінің қайтыс болатын күнін, сағатын айтыпты да, осы өнірде өсетін шөптерден жасалған сусынын ішіп:

“Көзімді жұмғасын мені ана адырдың басына жерлендер. Егер 3 жылдан кейін қабірді ашып қарағанда денем бұзылмаса, сонда ғана маған “әулие” атын беріндер”, – депті. Бірақ ел-жұрты Құлсарының бұл аманатын ұмытып кетіп, жеті жылдан кейін естеріне түсіп, қабірін ашқанда батырдың бейітінен бір ғажап жұпар иіс шығады. Бұл хош иіске таңғалған халық сол жерде бейітті әрі қозғамай-ақ, Құлсарыға “әулие” атын берген екен. Бірте-бірте бұл адыр Құлсары әулие атымен аталаған кеткен. Әлі күнге дейін бұл жерге ауруына шипа іздеген жандар келіп, күрбан шалып, түнеп шығатын көрінеді”.

Есіл ауданына қарасты Қарағай ауылының белгілі азаматтарының бірі Өтеген Жұсіпов Құлсары әулиенің бейіті туралы мынадай әңгіме айтты:

“Құлсары әулие жерленген жер Бұлақ ауылының онтүстік-шығысында, ауылдан 8-9 шақырымдай жерде орналасқан. Осы үстірт үстінде басқа да зираттар бар. Бала кезімізде осы үстіртке барып, аруактарға өзімізше дұға оқып, бет сипап қайтатынбыз. Сондағы байқағанымыз: зираттардың тастары арасында садақаға тасталған күміс акшалар жататын. Үстірт маңайында жерошақтың орындарын, түрлі түсті маталардың қындыларын көретінбіз. Үлкендерден сұрағанымызда алыс-жакын жерлерден ауруға шалдықкан адамдардың әулие зираты басына түнеп, тауп ететіндерін айтушы еді. Кейін ауыл ақсақалдарынан Құлсары әулие туралы мынадай да әңгіме естідік.

Казіргі Қаратал ауылының төнірегінде Құлсары атты белгілі әулие өмір сүрген екен. Ол жасы жетіп картая келе, өлім сағатының таянғанын сезіп, екі ұлын жанына шакырып, мынадай аманат айтқан екен: “Мен о дүниеге аттанған соң жуып, кебіндеп, ауыл сыртына киіз үй тігіндер де, мәйітімді сонда қойып, күзетіндер. Үш күннің ішінде осы үйдің алдына бір ақ түйе келіп шөгер, соған менің мәйітімді артасындар

да, түйенің сонынан ересіндер. Түйе жүріп отырып межелі жерге жеткенде өзі шөгер, сол жерге мені жерлейсіндер”, – деген екен. Айтқанында, әулие қайтыс болып, балалары арулап, ауыл сыртына киіз үй тігіп, мәйітті сонда апарып қойып, өздері қүзе-тuge кіріседі. Біраз құзеткеннен кейін балаларының қөніліне қызығушылық болып, киіз үйдің ішін қарағылары келеді. Үйдің есігінен сығалап қараған олардың көз алдына әдемі қөрініс елес береді. Ол көгілдір толқынды аса үлкен дария ортасында қатар жүзіп жүрген көс акку екен. Бұл қөрініске балалары қайран қалады. Екі-үш күннің шамасында, әулие айтқандай, киіз үйдін алдына келіп ак түйе шеккен қөрінеді. Балалары мәйітті түйеге мұқият артып, өзіне ғана белгілі бағытқа бет алған түйенің сонынан ілеседі. Түйе сол жүргеннен жүріп отырып, қазіргі бейіті тұрған үстірт үстіне келіп шөгеді. Сөйтіп, Құлсары әулие өзінің өситетімен осы жерге жерленген екен”.

Бұлак ауылдың тұрғыны Серкелбай Кәменұлы көп жылдан бері Құлсары әулие бейітінің шырақшысы қызметін аткарып келеді. Әулие бейітіне тауп етуге келгендер алдымен Бұлак ауылдына келіп, осы кісіні жолбасшылыққа алып, бейіт басына барады екен.

“Маған дейін мұндай шырақшылық қызметті Қамкен Нұрмұқанұлы деген ақсақалымыз атқарып келген болатын. Ол ағамыз 96 жасқа келген шағында өмірден өтіп, көп жыл атқарып келген шырақшылық істі маған аманат етіп тапсырған еді. Содан бері біраз жыл өтті, алысжакыннан келген біраз ауру адамдардың әулие зиратына тауп еткеннен кейін сауығып кеткенине, бала көтермеген әйелдердін бала сүйгеніне күә болып жүрміз”, – дейді Серкелбай шырақшы.

Құлсары бабамыздың әулиелігі жайында Қызылжар қаласының тұрғыны Зәуреш қажы Қазбеккызы былай деді: “Бірде жолсапарда жүріп, Жамбыл облысындағы Шу қаласында тұратын атақты көріпкел емшіге бал аштырған

едім. Сол емші: “Өзіңнің облысында бір әулиенің бейті бар, сол араға түнеп, аруағына тауап етсен, ауруыңа шипасы болады”, – деді. Сонау жақтан Құлсары бабамыздың әулиелігін білген ол кісі мен батыр атамыздың әулиелігіне шек келтіруге болмайтынын сол уақыттан бері білген едім”.

“Құлсары бабамыздың бейтін көріп, басына барып зиярат етудің сәті түспей жүретін еді. Откен жылдың тамыз айында осы ниетімді орындағын деп Бұлақ ауылына барып, зират басына апаратын жолды сұрастырдым. Ауылдан шыққасын-ак тәбемізде бұрын көрмеген бір құс ұшып жүрді.

Ауылдан 2-3 шақырым шыққасын жол жиегінде бір зират кездесті. Бабамыздың зираты осы болар деп машинадан түсे бастап едік, әлгі құс бізді шырылдай айнала ұшып, басқа жаққа жол көрсеткен белгі берді. Біз де қателескенімізді сезіп, құстың сонынан ілестік. Зират басына жеткен соң құсымыз көрінбей кетті. Бейт басында дүға оқып, кейін оралғанымызда әлгі құсымыз қайтадан пайда болып, Бұлақ ауылына дейін жол көрсетіп, тәбемізде ұшып жүрді”, – деді Құлсары батыр ұрпақтарының бірі, Петропавл қаласының тұрғыны Нофай Жамалиев.

Құлсары бабамыздың әулиелігі туралы осы сияқты әңгімелер ел ішінде көптең кездеседі.

Тағы бір айтарымыз: соңғы кезде ислам дінін уағыздаушылар арасында аруаққа мән бермеушілік ағымы қалыптасып келеді. “Аруақтарда ешқандай қасиет жоқ, олардың өздері тірілердің баталарына зәру болады, оларға табынып, Аллаға серік косуға болмайды”, – десіп, атабаба зираттарына зәулім ескерткіш орнатудың да қажеті жоқ екенін айтып жүр. Сонда мұндай діндарлар басқа ескерткіш-мазарларды былай қойғанда, сән-сәулетімен әлемді таңғалдырған Қожа Ахмет Яссави кесенесін, Манғыстаудағы таудың тасын қашап жасаған Пір Бекет әулиенің мешітін де жоққа шығарады емес пе?!

Былтыр “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған “Қазағым, қайда барасың?” атты мақаласында қазактың көрнекті азаматтарының бірі Өмірбек Байгелди аруақтарға қарсы бағыттағы дін таратушылар хақында былай деп жазды: “...Аллаға ширік келтіруге болмайды деген әнгімені шығарып алды да, міне, осыдан шыға алмай жүр. Құранда, әрине, мұндай аяттар бар. Әйткені, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) ілімі жанадан басталған кезде жағдай тіпті басқаша еді. Адамдар бір Алланы білмеген, не болса соған сенген. Сондықтан солардың бетін қайтару керек болды. Сөй-тіп, бұл ол кезде өте ауыр, шиеленіскең мәселелердің бірі еді. Ал қазір мұндай мәселе жок. Адамдардың барлығы да 18 мың әлемнің жаратушысы жөне оның иесі бір Алла деп біледі. Сенетіндер тек қана бір Аллаға ғана құлдық ұрады. Бірақ сонымен қатар басқа ұлы бабаларының, әке-шешелерінің басына барып та зиярат жасайды. Бұл екеуі бір-біріне қайшы келетін ұғым емес. Аруақтар сендерге не береді дейді. Ештепе бермесе бармау керек пе еken? Аруаққа бірдене алу үшін бара ма еken? Аруақты риза ету үшін барады. Осы елді, жерді, халықты сактап қалдырған – сол ата-бабаларымыз. Енді олардың басына белгі қоймай, ешкім бармай, атын ұмыттындей не жазды олардың ұрпақтарына? Сонда осы ұрпақтарының кім болғаны?!”.

Макала авторының аруақтар жайындағы бұл құптарлық пікіріне сөз қосу артық болар. Дініміздегі осындай ағымның ықпалы Құлсары бабамыз зиратының да ескерусіз калуына әсер етті. Қазір оның зиратының басына Ақтаудың күнге шағылышар ақ тасынан айрықша сәuletкерлік ұлгідегі мазар салынып жатыр.


Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газетінің ресми сайты URL: <http://www.soltustikkaz.kz>

ҚҰЛСАРЫ ӘУЛИЕ


Есіл ауданының Бұлак ауылына жақын киелі жер. Жонғарға қарсы құресте көзге түскен атақты батыр, Абылай ханның серігі болған Құлсары сұлтан ел аузындағы сөздерге қарағанда, осы аласа тәбеле жерленген. Батыр мұрдесі жатқан тәбе-бейіттің емге дәру болар қасиетті киесі, оның қалай жерленгені туралы әртүрлі аныздар мен әңгімелер ел аузында сакталған.

C.Пресняков

*Солтүстік Қазақстан облысы.
Энциклопедия, Алматы: «Арыс», 2006.*



*Түркістан – қазақ жүрттының рухани ордасы
мен қазақ хандарының резиденциясы*




Қазақстан Республикасының картасы



Есіл ауданының картасы



Құлсары батыр адыры




Абылай хан



Қазақ батырлары



Қазақ жауынгері



Қазақ жауынгері



Қазақ жауынгері



Қазақ жауынгері

Алғы сөз.....	3
ҚҰЛСАРЫ БАТЫРДЫҢ ӨМІРІ МЕН КЫЗМЕТИНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАР	
<i>Абылай хан кітапынан (құрастырган З.С. Тайшыбай)</i>	7
Абылай сұлтанның Неплюев пен Тевкелевке жазған хатынан.....	7
Фрауендорфқа подполковник Теменевтің жазғанынан.....	9
Фрауендорфтың полковник Лесторға хаты.....	9
Вейморнның Сәлиевке нұсқауынан.....	10
Вейморнның Құлсары батырға хатынан.....	11
Сыртқы істер алқасының А. Давыдовқа берген жарлығы.....	12
Ресей Сыртқы істер алқасының жарлығы.....	18
Генерал Вейморнның майор фон Линеманға жазған күпия хатынан.....	20
Вейморнның Құлсарыға жазған хатынан.....	22
Орта Жұздегі жағдайлар туралы	
Құлсары батырдың аузынан жазып алынғандар.....	23
Сібір әскерлерінің командирі И. Шпрингердің рапорты.....	27
Генерал-майор Станиславскийдің	
Деколонг атына жазған мәлімхатынан.....	29
ҚҰЛСАРЫ БАТЫР ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР	
МЕН ЕСТЕЛІКТЕР	
Б. Мұқышев. Құлсары батыр – құрметтеуге лайыкты тұлға	30
М. Рахимов. Құлсары батыр.....	36
С. Маликова. Батыр кульсары.....	38
К. Мұқанов. Абылайдың көс батыры – Құлеке мен Құлсары.....	44
К. Мұқанов. Сподвижник Абылай - хана Батыр Кулсары.....	53
З. Тайшыбай. «Абылайдың әк үйі» туралы аныз.....	57
Г. Жұмабекова. Абылай хан батырлардың батыры.....	69
Л. Морозова. Кинжал батыра Кулсары.....	76
Е. Амантайұлы. Қасиетті Құлсары адыры.....	80
Б. Қожахметов. Құлсары батырдың мазары	
Актаудың әк тасынан өрілмекші.....	82
С. Жұмабаев, Б. Мұқышев. Әулие бабамыз хакындағы аңыз берен ақиқат.....	85
С.Пресняков. Құлсары әулие.....	90

Құлсары батыр

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Б.Ф. Аяганның редакциясымен*

Күрастыруышылар:

*Б.Ф. Аяган, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ж.С. Әбдіраманов, ғылыми кызметкер*

Корректор: Б.Б. Еңсепов

Комьютерде беттеген – Гончаров К.В.
Көркемсуретті Казақстан тарихы кітабының фотолары пайдаланылды

* Басуға 27.06.2011 ж. кол қойылды
Қалпы 148x210
Қағазы оғсетті. Қараш түрі 12
Баспа табағы 8.
Мекен-жай: Астана к., Орынбор, 8

K/O

K/O



